5.457С 2-ауданда (Бразилия, Куба, Француз теңіз арғы департаменттері және Гватемала, Парагвай, Уругвай және Венесуэла территорияларын қоспағанда) 5925-6700 МГц жиілік жолағы әуедегі кеме станцияларында ұшу сынақтарын жүргізу үшін әуедегі жылжымалы телеметрияда пайдалана алады (п. 1.83 қара.). Мұндай пайдаланым 416 (ДРК-07) Қарарына сәйкес болуы қажет және тіркелген және тіркелген жерсеріктік қызметтерге зиянды кедергілер тудырмауы және олардан қорғаныс талап етпеуі қажет. Кез келген мұндай қолданыс бұл жолақтың басқа жылжымалы немесе, осы жолақ бірінші реттік негізде бөлінген басқа қызметтерге пайдалану мүмкіндігін жоя алмайды және байланыс Регламентінде басымдылық орната алмайды. (ДРК-07)

5.458 6425-7075 МГц жолағында мұхит үстінде белсенді емес микротолқындық сөзбектердің көмегімен өлшеулер

жасалынады. 7075-7250 МГц жолағында белсенді емес микротолқындық сөзбектердің көмегімен өлшеулер жасалынады. 6425-7025 МГц және 7075-7250 МГц жолақтарын келешекте пайдалануды жоспарлағанда, әкімшіліктер жерсеріктік Жерді зерттеу (белсенді емес) және ғарыш зерттеу қызметтерінің (белсенді емес) қажеттіліктерін ескеруі қажет.

5.458А Жиіліктерді 6700-7075 МГц жолағында тіркелген жерсеріктік ғарыш станцияларына тағайындағанда, әкімшіліктер 6650-6675.2 МГц жолағындағы радиоастрономиялық қызметтегі спектралдық жолдарды бақылауды жағымсыз сәулеленулер жағынан туатын зиянды кедергілерден қорғаудың барлық мүмкін шараларын жасауы қажет.

5.458В Тіркелген жерсеріктік қызметтерге 6700-7075 МГц жолағында жиіліктер бөлгенде ғарыш - Жер жолына жылжымалы жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жерсеріктік жүйелерінің фидер жолдарымен шектеледі және 9.11А п. сәйкес үйелестірілу тиіс. 6700-7075 МГц жолағының геостационарлық емес жылжымалы жерсеріктік жүйелерінің фидер жолдарымен қолдануына п. 22.2 ережелері тартылмайды.

5.458С Тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық жерсеріктік жүйелерін 7025-7075 МГц жолағында (Жер-ғарыш) 1995 жылдың 17 қарашасынан кейін өндірімші әкімшіліктерге, ХЭҮ-3 Ұсыныстарының негізінде, жерсеріктік геостационарлық емес жүйелерді аталған жолақта 1995 жылдың 18 қарашасына дейін мәлімдеген және өндірген әкімшіліктермен, осы әкімшіліктердің сұранысы бойынша, кеңес өткізуі қажет. Бұл кеңестер тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық жерсеріктік жүйелерінің, сонымен қатар, геостационарлық емес жерсеріктік жүйелерінің аталған жолақта бірге жұмыс істеуді жеңілдету мақсатына болуы керек.

5.459 Қосымша таратылу: Ресейде 7100-7155 МГц және 7190-7235 МГц жиілік жолақтары, сондай-ақ, ғарыш пайдаланым (Жер-ғарыш) қызметіне, 9.21. п. бойынша келісім алған жағдайда, бірінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-97)

5.460 7145-7190 МГц жолағын пайдалану ғарыш зерттеулер

(Жер-ғарыш) қызметіне қолдану алыс ғарышпен шектеледі, 7190-7235 МГц жолағында алыс ғарышқа ешқандай сәулелену болмауы керек. 7190-7235 МГц жолағында ғарыш зерттеулер қызметінде жұмыс атқаратын геостационарлық жер серіктер қолданыстағы және болашақ тіркелген станциялар және жылжымалы қызмет станцияларынан қорғаныс талап етпеуі тиіс, бұл жерде п. 5.43А қолданылмайды. (ДРК-03).

5.461 Қосымша таратылу: 9.21. Бабы бойынша келісім алған жағдайда, 7250-7375 МГц (ғарыш-Жер) және 7900-8025 МГц (Жер-ғарыш) жолақтары, сондай-ақ, жылжымалы жерсеріктік қызметке бірінші реттік негізде бөлінген.

5.461А 7450-7550 МГц жолағын метеорологиялық жерсеріктік (ғарыш-Жер) қызметке пайдалану геостационарлық жерсеріктік жүйелермен шектеледі. 1997 жылдың 30 қарашасына дейін жарияланған геостационарлық емес метеорологиялық жерсеріктік жүйелер өмір сүру соңына дейін бірінші реттік негізде жұмыстарын жалғастыра алады.

5.461В 7750-7850 МГц жолағын метеорологиялық жерсеріктік (ғарыш-Жер) қызметке пайдалану геостационарлық жерсеріктік жүйелермен шектеледі. (ДРК-97)

5.462 (Шығарып тасталынған ДРК-97)

5.462А 1 және 3-аудандарда (Жапонияны қоспағанда) 8025-8400 МГц жолағында Жерді зерттеу жерсеріктік қызметінің геостационарлық жер серіктері, алдын ала қатысы бар әкімшіліктермен келіспейінше, белгілі түсу бұрыштарының шамасына (Θ), қуат ағыны тығыздығының төмендегі алдын ала берілген мәндерінен асырмауы керек:

- $174 \text{ дБ}(\text{Вт}/\text{м}^2)$, 4 кГц жолақта $0^\circ \leq \theta \leq 5^\circ$ үшін
- $174 + 0.5(\Theta - 5) \text{ дБ}(\text{Вт}/\text{м}^2)$, 4 кГц жолақта $5^\circ \leq \theta \leq 25^\circ$ үшін
- $164 \text{ дБ}(\text{Вт}/\text{м}^2)$, 4 кГц жолақта $25^\circ \leq \theta \leq 90^\circ$ үшін

Бұл шамалар 124 Қарарымен зерттеледі.

5.463 Әуедегі кемелер станцияларына 8025-8400 МГц жолағында хабар тарату рұқсат етілмеген. (ДРК-97)

5.464 (Шығарып тасталынған ДРК-97)

5.465 Ғарыш зерттеу қызметінде 8400-8450 МГц жолағын пайдалану алыс ғарышпен шектеледі.

5.466 Қызметтің басқа категориясы: Израиль, Малайзия,

- Сингапур және Шри-Ланкада ғарыш зерттеулер қызметіне бөлу
8400-8500 МГц жолағында екінші реттік негізде атқарылған
(5.32 п. қара). (ДРК-03)
- 5.467 (Шығарып тасталынған ДРК-03)
- 5.468 Қосымша таратылу: Сауда Арабиясы, Бахрейн, Бангладеш,
Бруней-Даруссалам, Бурунди, Камерун, Қытай, Коста-Рика,
Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Габон, Гайана,
Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Ямайка,
Иордания, Кувейт, Ливан, Ливия, Малайзия, Мали, Марокко,
Мавритания, Непал, Нигерия, Оман, Пәкістан, Катар, Сирия,
Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Сенегал,
Сингапур, Сомали, Свазиленд, Танзания, Чад, Того, Тунис
және Йеменде 8500-8750 МГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген
және жылжымалы қызметтерге бірінші реттік негізде
бөлінген. (ДРК-03)
- 5.469 Қосымша таратылу: Армения, Әзербайжан, Беларусь,
Болгария, Грузия, Венгрия, Қазақстан, Литва, Молдава,
Моңғолия, Өзбекстан, Польша, Қырғызстан, Словакия, Чех
Республикасы, Румыния, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан
және Украинада 800-870 МГц жолағы, сондай-ақ, құрылықтағы
жылжымалы және радионавигациялық қызметтерге бірінші
реттік негізде бөлінген. (ДРК-03)
- 5.469А 8550-8650 МГц жолағында жерсеріктік Жерді зерттеу
(белсенді) және ғарыш зерттеулер қызметіне (белсенді)
станциялары радиолокациялық қызмет станцияларына зиянды
кедергілер тудырмауы тиіс немесе олардың пайдалануын және
дамуын шектемеуі тиіс. (ДРК-97)
- 5.470 8750-8850 МГц жолағын әуедегі радионавигациялық қызметте
пайдалану әулік кемелердің борттарына орналасқан, Допплер
эффектісін 8800 МГц орта жиілікте пайдаланатын
навигациялық аппаратурамен шектеледі.
- 5.471 Қосымша таратылу: Алжир, Германия, Бахрейн, Бельгия,
Қытай, Біріккен Араб Эмираттары, Франция, Греция,
Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Ливия, Нидерланд,
Катар және Суданда 8825-8850 МГц және 9000-9200 МГц
жолақтары, сондай-ақ, теңіздегі радионавигациялық
қызметке жағалық радарлармен пайдалануға бірінші реттік
негізге таратылған. (ДРК-07)
- 5.472 8850-9000 МГц және 9200-9225 МГц жолақтарын теңіздегі

радионавигациялық қызмет жағалық радарларының
пайдалануымен шектеледі.

5.473 Қосымша таратылу: Армения, Австрия, Әзербайжан, Беларусь,
Куба, Ресей, Грузия, Венгрия, Моңғолия, Өзбекстан,
Польша, Қырғызстан, Румыния, Тәжікстан, Түрікменстан және
Украинада 8850-9000 МГц және 9200-9300 МГц жолақтары,
сондай-ақ, радионавигациялық қызметке бірінші реттік
негізде бөлінген. (ДРК-07)

5.473А 9000-9200 МГц жиілік жолағында жұмыс жасайтын
радиолокациялық қызмет станциялары п. 5.337 анықталған
радионавигациялық қызмет жүйелеріне немесе п. 5.471
тізімделген мемлекеттерде бірінші реттік негізде бөлінген
теңіздегі радионавигациялық радарларға зиянды кедергілер
тудырмауы тиіс және олардан қорғаныс талап етпеуі керек.
(Д Р К - 0 7) .

5.474 9200-9500 МГц жолағында, ХЭҮ-Р Ұсыныстары (сонымен қатар
31 Бабын қара) міндетті түрде есепке алынса, іздеу және
құтқару ретрансляторларын (SART) пайдалануға болады.

5.475 9300-9500 МГц жолағын әуедегі радионавигациялық қызметке
пайдалану әуедегі кемелердің бортында орналасқан
метеорологиялық радарларымен және жер бетінде орналасқан
радарлармен шектеледі. Сонымен қатар, 9300-9500 МГц
жолағында, теңіздегі радионавигациялық қызметке зиянды
кедергілер тудырмаған жағдайда, әуедегі радионавигациялық
қызметтің жер бетінде орналасқан радиолокациялық
маяктарына да жұмыс істеуге болады 9300-9500 МГц.
(Д Р К - 0 7) .

5.475А 9000-9200 МГц жолағында радиолокациялық қызметте жұмыс
атқаратын станциялар, әуедегі радионавигациялық қызметте
жұмыс атқаратын, 5.337 п. анықталған жүйелерге немесе
5.471 п. келтірілген елдердегі осы жолақта бірінші реттік
негізде, радионавигациялық қызметте жұмыс атқаратын,
радарларға зиянды кедергілер тудырмауы тиіс, немесе
олардан қорғаныс талап етпеуі тиіс. (ДРК-07).

5.475В 9300-9500 МГц жолағында радиолокациялық қызметте
жұмыс атқаратын станциялар, байланыс Регламентіне сәйкес
радионавигациялық қызметте жұмыс атқаратын радарларға
зиянды кедергілер тудырмауы тиіс, немесе олардан қорғаныс
талап етпеуі тиіс.

Метеорологиялық мақсатта қолданылатын, жер үсті
радарларының, радиолокациялық қызметтің басқа
қолданыстарына қарағанда басымдылығы бар. (ДРК-07).
(A D D) .

5.476 Шығарып тасталынған.

5.476A 9300-9800 МГц жолағында Жерсеріктік Жерді зерттеу
(белсенді) және ғарыштық зерттеу қызметіне пайдалану
радионavigациялық және радиолокациялық қызмет
станцияларына зиянды кедергілер тудырмауы тиіс және
олардан қорғаныс талап етпеуі тиіс. (ДРК-07)

5.477 Қызметінің басқа категориясы: Алжир, Сауд Арабиясы,
Бахрейн, Бангладеш, Бруней-Даруссалам Камерун, Египет,
Біріккен Араб Эмираттары, Эритрея, Эфиопия, Гайаня,
Индия, Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Ямайка,
Жапония, Иордания, Кувейт, Ливан, Либерия, Малайзия,
Нигерия, Оман Пәкістан, Катар, Сирия Араб Республикасы,
Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Сингапур, Сомали,
Судан, Тринидад пен Тобаго және Йеменде тіркелген
қызметке тарату 9800-10000 МГц жолағында бірінші реттік
негізде атқарылған (5.33 п.қара). (ДРК-07)

5.478 Қосымша таратылу: Әзербайжан, Моңғолия, Қырғызстан,
Румыния, Түрікменстан және Украинада 9800-10000 МГц
жолағы радионавигациялық қызметке бірінші реттік негізде
б ө л і н г е н . (Д Р К - 0 7)

5.478A 9800-9900 МГц жолағында Жерсеріктік Жерді
зерттеу (белсенді) қызметі және ғарыш зерттеу қызметі
(белсенді) станцияларының қолдануы, 9300-9800 МГц
жолағында түгел орналаса алмайтын жолақ ені 500 МГц-тен
жоғары болып келетін жүйелермен шектеледі. (ДРК-07)

5.478B 9800-9900 МГц жолағында Жерсеріктік Жерді зерттеу
(белсенді) қызметі және ғарыштық зерттеу қызметі
(белсенді) станциялары, осы жолақ екінші реттік негізде
бөлінген, тіркелген қызмет станцияларына зиянды
кедергілер тудырмауы немесе олардан қорғаныс талап етпеуі
т и і с . (Д Р К - 0 7)

5.479 9975-10 025 МГц жолағы, сондай-ақ, жерсеріктік
метеорологиялық қызметке, метеорологиялық радарлармен
пайдалануға екінші реттік негізде бөлінген

5.480 Қосымша таратылу: Аргентина, Бразилия, Чили, Коста-Рика,

Куба, Сальвадор, Эквадор, Гватемала, Гондурас, Мексика, Парагвай, Нидерланд Антиль аралдары Перу және Уругвайда 10-10,45 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметтерге бірінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-07).

5.481 Қосымша таратылу: Германия, Ангола, Бразилия, Қытай, Коста-Рика, Кот-д'Ивуар, Сальвадор, Эквадор, Испания, Гватемал, Венгрия, Жапония, Кения, Марокко, Нигерия, Оман, Өзбекстан, Парагвай, Перу, Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Румыния, Танзания, Таиланд және Уругвайда 10,45-10,5 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметтерге бірінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-07).

5.482 10,6-10,68 ГГц жолағында тіркелген және жылжымалы қызмет станцияларының, әуедегі жылжымалыны қоспағанда, 10,6-10,68 ГГц жолағындағы антеннаға келтірілген қуат 3 дБВт-тан аспауы керек. Бұл шектеулерді, п. 9.21. Бабы бойынша келісім алған жағдайда, көтеруге болады. Бірақ, Алжир, Сауд Арабиясы, Армения, Әзербайжан, Бахрейн, Бангладеш, Беларусь, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Грузия, Индия, Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Ливия Араб Джамахириясы, Иордания, Қазақстан, Кувейт, Ливан, Марокко, Мавритания, Молдова, Нигерия, Оман, Өзбекстан, Пәкістан, Филиппины, Катар, Сирия Араб Республикасы, Қырғызстан, Сингапур, Тәжікстан, Тунис, Түрікменстан және Вьетнамда тіркелген және жылжымалы қызметтерге, әуедегі жылжымалы қызметті қоспағандағы қойылған бұл шектеліс қолданылмайды. (ДРК-07).

5.482А 10,6-10,68 ГГц жолағын Жерсеріктік Жерді зерттеу (белсенді емес) қызметі және тіркелген және жылжымалы, әуедегі жылжымалыны қоспағанда, қызметімен бірге қолдану барысында 751 (ДРК-07) Қарары пайдаланылады. (ДРК-07)

5.483 Қосымша таратылу: Сауд Аравиясы, Армения, Әзербайжан, Бахрейн, Беларусь, Қытай, Колумбия, Корея Республикасы, Коста-Рика, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Грузия, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Израиль, Иордания, Қазақстан, Кувейт, Ливан, Моңғолия, Катар, Қырғызстан, Корея Халық-Демократиялық Республикасы, Румыния, Тәжікстан, Түрікменстан және Иеменде 10,68-10,7 ГГц жолағы сонда-ақ тіркелген және

жылжымалы қызметке, әуедегі жылжымалыны қоспағанда, бірінші реттік негізде бөлінген. Мұндай пайдаланым 1995 жылдың 1 қаңтарына дейін пайдалануға қосылған қондырғылармен шектеледі. (ДРК-07)

5.484 1-ауданда 10,7-11,7 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік қызметке (Жер-ғарыш) пайдалану жерсеріктік радиохабар қызметінің фидер жолдарымен шектеледі.

5.484А 10,95-11,2 ГГц (ғарыш-Жер), 11,45-11,7 ГГц (ғарыш-Жер), 11,7-12,2 ГГц (ғарыш-Жер) 2-ауданда, 12,2-12,75 ГГц (ғарыш-Жер) 3-ауданда, 12,5-12,75 ГГц (ғарыш-Жер) 1-ауданда, 13,75-14,5 ГГц (Жер-ғарыш), 17,8-18,6 ГГц (ғарыш-Жер), 19,7-20,2 ГГц (ғарыш-Жер), 27,5-28,6 ГГц (Жер-ғарыш), 29,5-30 ГГц (Жер-ғарыш) жолақтарында тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жерсеріктік жүйелері п. 9.12. ережелері орындаған жағдайда, басқа тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жерсеріктік жүйелерімен үйлестіру жүргізу үшін қолданылады. тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жерсеріктік жүйелері, байланыс Регламентіне сәйкес жұмыс атқаратын, Бюроға үйлестіру немесе өтініш берген уақытына байланыссыз, тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық жерсеріктік жүйелерінен, қорғаныс талап етпеуі тиіс. Тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жерсеріктік жүйелеріне және үйлестіру жайлы және өтініш берілгені туралы толық ақпараттарына байланысты, бұл жағдайда 5.43А п. қолданылмайды. Тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жерсеріктік жүйелері жоғарыда көрсетілген жолақтарда, олардың жұмыс атқару кезеңінде, кез келген тиімсіз кедергілерді болдырмайтын жағдайда жұмыс атқара алады. (ДРК-2000)

5.485 2-ауданда 11,7-12,2 ГГц жолағында тіркелген жерсеріктік қызметтің ғарыш станциясындағы ретранслятор жерсеріктік радиохабар таратуды қосымша пайдалануына болады, егер мұндай таратуларда бір теледидар арнасындағы максимал э.и.с.қ. 53 дБВт-тан аспаса және үлкен кедергілер тудырмай немесе тіркелген жерсеріктік қызметтің үйлестірілген жиілік тағайындауларынан үлкен қорғанысты талап етпесе. Ғарыш қызметтерді алатын болсақ, онда бұл

жиіліктер жолағы негізінен тіркелген жерсеріктік қызметтерге пайдаланулары керек.

5.486 Қызметтің басқа категориясы: Мексика мен Америка Құрама Штатарында тіркелген қызметке үлестіріу 11,7-12,1 ГГц жолағында екінші реттік негізде атқарылған. (5.32 п. к а р а) .

5.487 1 және 3-аудандарында 11,7-12,5 ГГц жолақта, тіркелген, тіркелген жерсеріктік, жылжымалы, әуедегі жылжымалыны қоспағанда, және радиохабар қызметі өздеріне бөлінген жиілік жолақтарында, 30 Қосымшасының ережелеріне сәйкес жұмыс істейтін жерсеріктік радиохабар қызметінің станцияларына зиянды кедергілер тудырмауы тиіс. (ДРК-03)

5.487А Қосымша таратылу: 11,7-12,5 ГГц жолағы 1-ауданда, 12,2-12,7 ГГц жолағы 2-ауданда және 11,7-12,2 ГГц жолағы 3-ауданда тіркелген жерсеріктік қызметке (ғарыш-Жер) бірінші реттік негізде бөлінген; олардың қолданысы геостационарлық емес жүйелермен шектеледі, және тіркелген жерсеріктік қызметінің геостационарлық емес жүйелерімен үйлестіру жұмысы барысында 9.12 п. ережелері қолданылады.

Тіркелген жерсеріктік қызметінің геостационарлық емес жүйелері, радиобайланыс Регламентіне сәйкес жұмыс атқаратын, Бюроға түскен үйлестіру жайлы немесе өтініш беруі жайлы ақпаратқа байланыссыз, радиохабар тарату жерсеріктік қызметінің геостационарлық жерсеріктік желілерінен қорғаныс талап етпеуі тиіс, 5.43А п.

ережелері тіркелген жерсеріктік қызметінің геостационарлық емес жүйелері және үйлестіру туралы және өтініш беру туралы толық ақпарат және геостационарлық жерсеріктік желілер үшін қолданылмайды. Тіркелген жерсеріктік қызметінің геостационарлық емес жүйелері жоғарыда көрсетілген жолақтарда, кез келген болар болмас зиянды кедергілер, тез арада жойылатын жағдайда жұмыс атқаруы тиіс. (ДРК-03).

5.488 11,7-12,2 ГГц жолағы, 2-ауданда, 1, 2 және 3-ауданда жер үсті қызметтері станцияларымен үйлестіруге қатысты 9.14 п. шарттары орындалған жағдайда, тіркелген жерсеріктік қызметінің геостационарлық жерсеріктік жүйелерімен қолдана алады. 12,2-12,7 ГГц жолағының жер серіктік радиохабар тарату қызметіне 2-ауданда қолдануы туралы 30

Қосымшаны қара. (ДРК-03)

5.489 Қосымша таратылу: Перуде 12,1-12,2 ГГц жолағы сондай-ақ, тіркелген қызметке бірінші реттік негізде бөлінген.

5.490 2-ауданда 12,2-12,7 ГГц жолақта, жұмыста бар және болашақ жер бетіндегі қызметтердің радиобайланысы, 30 Қосымшасында келтірілген, 2-ауданға арналған жерсеріктік радиохабар жоспарларына сәйкес жұмыс істейтін ғарыш қызметтеріне зиянды кедергілер тудырмауы тиіс.

5.491 (Шығарып тасталынған ВКР-03)

5.492 30 Қосымшасындағы аймақтық Жоспарға сәйкес немесе 30 Қосымшада 1 және 3-аудандар үшін Тізімге қосылған, жерсеріктік радиохабар станцияларына тағайындаулар жасағанда, олар, егер мұндай таратулар үлкен кедергілер тудырмай немесе осы Жоспарға немесе осы Тізімге сәйкес жұмыс істейтін жерсеріктік радиохабар таратуларынан артық қорғанысты талап етпесе, тіркелген жерсеріктік қызметке де (ғарыш-Жер) пайдалануы мүмкін. Ғарыш қызметтерді алатын болсақ, онда бұл жиіліктер жолағы негізінен жерсеріктік радиохабар қызметтеріне пайдалануы керек.

(В К Р - 2 0 0 0)

5.493 3-ауданда жерсеріктік радиохабар қызметінің 12,5-12,75 ГГц жолағында қуат ағынының тығыздығы барлық жағдайларда және қызмет аймағының аумағындағы барлық модуляция түрлерінде $-111 \text{ дБ(Вт/м}^2 \text{ -27 МГц)}$ -тен аспайтын шамамен шектеледі. (ДРК-97)

5.494 Қосымша таратылу: Алжир, Ангола, Сауд Арабиясы, Бахрейн, Камерун, Орталық Африка Республикасы, Конго, Кот-д'Ивуар, Египет; Біріккен Араб Эмираттары, Эритерия, Эфиопия, Габона, Гана, Гвинея, Ирак, Израиль, Ливия Араб Джамахириясы, Иордания, Кувейт, Ливан, Мадагаскар, Мали, Марокко, Моңғолия, Нигерия, Катар, Сирия Араб Республика, Демократическая Республика Конго, Сомали, Судан. Чад, Того және Йеменде 12,5-12,75 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметтерге, жылжымалы әуедегі қызметті қоспағанда, бірінші реттік негізде бөлінген.

(Д Р К - 0 3) .

5.495 Қосымша таратылу: Босния және Герцеговина, Франция, Греция, Лихтенштейн Монако, Черногория, Уганда, Румыния,

Сербия, Швейцария, Танзания және Тунисте 12,5-12,75 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметтерге, жылжымалы әуедегі қызметті қоспағанда, екінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-07).

5.496 Қосымша таратылу: Австрия, Әзербайжан, Қырғызстан және Түрікменстанда 12,5-12,75 ГГц жолағы сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметтерге, жылжымалы әуедегі қызметті қоспағанда, бірінші реттік негізде бөлінген. Бірақ бұл қызметтердің станциялары тіркелген жерсеріктік қызметтердің 1-ауданда орналасқан басқа елдердегі, бұл ескертпеде көрсетілмеген, жерде орналасқан станцияларына зиянды кедергілер тудырмауы тиіс. Бұл жерде орналасқан станцияларды осы ескертпеде көрсетілген, тіркелген және жылжымалы қызметтермен үйлестірудің қажеті жоқ. Осы ескертпеде аталған елдер территорияларында қуат ағынының тығыздығын Жер бетінде шектеу тіркелген жерсеріктік қызметте 21 Бабы 21-4 Кестесі бойынша орындалуы тиіс.
(Д Р К - 2 0 0 0)

5.497 13,25-13,4 ГГц жолағын әуедегі радионавигациялық қызметте пайдалану Доплер эффектісін пайдаланатын навигациялық аппаратураларымен шектеледі.
5.498 П а й д а л а н ы л м а й д ы .

5.498А 13,25-13,4 ГГц жолағындағы жерсеріктік Жерді зерттеу (белсенді) және ғарыш зерттеу (белсенді) қызметтері зиянды кедергілер тудырмауы керек және әуедегі радионавигациялық қызметтің пайдалануына және дамуына кедергі жасамауы тиіс. (ДРК-97)

5.499 Қосымша таратылу: Бангладеш, Индия және Пәкістанда 13,25-14 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген қызметке, бірінші реттік негізде бөлінген.

5.500 Қосымша таратылу: Алжир, Ангола, Сауд Арабиясы, Бахрейн, Бруней-Даруссалам, Камерун, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Габоне Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Израиль, Иордания, Кувейт, Ливан, Мадагаскар, Малайзия, Мали, Мальта, Марокко, Мавритания, Нигерия, Пәкістан, Катар, Сирия Араб Республикасы, Сингапур, Судан, Чад және Тунисте 13,4-14 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметке, бірінші реттік негізде бөлінген (В К Р - 0 3)

5.501 Қосымша таратылу: Өзербайжан, Венгрия, Жапония, Моңғолия, Қырғызстан, Румыния және Түрікменстанда 13,4-14 ГГц жолағы, сондай-ақ, радионавигациялық қызметке, бірінші реттік негізде бөлінген (ДРК-07)

5.501А 13,4-13,75 ГГц жолағын ғарыш зерттеу қызметтеріне бірінші реттік негізде бөлу ғарыш белсенді датчиктермен шектеледі. Жолақты ғарыш зерттеу қызметтеріне басқаша пайдалану екінші реттік негізде орындалады. (ВКР-97)

5.501В 13,4-13,75 ГГц жолағындағы жерсеріктік Жерді зерттеу (белсенді) және ғарыш зерттеу (белсенді) қызметтері радиолокациялық қызметтің пайдалануына зиянды кедергілер тудырмауы керек және дамуына кедергі жасамауы тиіс.
(В К Р - 9 7)

5.502 13,75-14 ГГц жолағында тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық жүйесінің жер станцияларының антеннасының минимальды диаметрі 1,2 м, тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жүйесінің жер станцияларының антеннасы - 4,5 м болуы керек. Бұдан басқа радиолокациялық немесе радионавигациялық станцияларының э.и.с.қ. бір секундтағы орташа мәні 2° -тан жоғары бұрыштарда 59 дБВт-тан, кіші бұрыштарда - 65 дБВт-тан аспауы керек.

Тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық жүйесінің антенна диаметрі 4,5 м-лік жер станцияларын іске қосу алдында, әкімшіліктер, осы жер станциясы тудыратын қуат ағынының тығыздығы мына шамадан аспауы керек:
- 115 дБ(Вт/(м² * 10 МГц)), 1% уақыт аралығында, ең төменгі деңгейдегі теңіз бетінен 36 м биіктікте, жағалық мемлекетпен арнайы мойындалған;
- 115 дБ(Вт/(м * 10 МГц)) 1%-тен көбірек уақыт аралығында, жер бетінен 3 м биіктікте, осы жолақта құрылықтық жылжымалы қызметінің радарларын қолдануға жоспарлап отырған әкімшіліктердің шекарасында, егер алдын ала сәйкес келісімдер алынбаған болса;
Тіркелген жерсеріктік қызметтің антенна диаметрі 4,5 м-ден үлкен немесе тең болатын жер станцияларының кез келген сәулеленулерінің э.и.с.қ. 68 дБВт кіші немесе 85 дБВт аспауы қажет. (ВКР-03)

5.503 13,75-14 ГГц жолағында, алдын ала жариялау үшін Бюроның 1992 жылдың 31 қаңтарына дейін алған мәліметтері бойынша, ғарыш зерттеу қызметтерінің геостационарлық ғарыш станциялары тіркелген жерсеріктік қызмет станцияларымен тең жұмыс істеуі керек; бұл күннен соң, ғарыш зерттеу қызметтерінің жаңа геостационарлық ғарыш станциялары екінші реттік негізде жұмыс істейтін болады; алдын ала жариялау үшін Бюроның 1992 жылдың 31 қаңтарына дейін алған мәліметтері бойынша, ғарыш зерттеу қызметтерінің геостационарлық ғарыш станциялары бұл жолақта жұмысын тоқтатпайынша, сәулеленулердің э.и.с.қ. тығыздығы кез келген тіркелген жерсеріктік қызметтің жер станцияларында 6 МГц жолақтың 13,75-14 ГГц жиіліктер аумағында 51 дБВт-тан аспауы керек.

- геостационарлық жерсеріктік орбитадағы ғарыш станциямен жұмыс істейтін, кез келген тіркелген жерсеріктік қызметтің жер станцияларында 13,77-13,78 ГГц жолағында сәулеленулердің э.и.с.қ. тығыздығы мына шамадан аспауы

к е р е к :

- i) $4,7D + 28$ дБ(Вт/40 кГц), мұнда D - тіркелген жерсеріктік қызметтің жер станциялары антеннасының диаметрі, 1,2 м тең немесе үлкен және 4,5 м кіші;
- ii) $49,2 + 20 \text{Log}(D/4,5)$ дБ(Вт/40 кГц), мұнда D - тіркелген жерсеріктік қызметтің жер станциялары антеннасының диаметрі, 4,5 м тең немесе үлкен және 31,9 м кіші ;

iii) 66,2 дБ(Вт/40 кГц) кез келген тіркелген жерсеріктік қызметтің жер станциялары антеннасының диаметрі 31,9 м тең немесе үлкен ;

iv) 56,2 дБ(Вт/4 кГц) кіші жолақты (жолақтың керекті енінен 40 кГц-ке төмен) антенна диаметрі 4,5 м тіркелген жерсеріктік қызметтің жер станциясының сәулеленулері үшін; геостационарлық емес жерсеріктік орбитадағы ғарыш станциямен жұмыс істейтін кез келген тіркелген жерсеріктік қызметтің жер станциясының сәулеленудің э.и.и.қ. тығыздығы 13,75-14 ГГц жолағында ені 6 МГц жолақта 51 дБВт-тан аспауы қажет. Бұл жиілік жолақтарында жауын болған жағдайда өшу орынын толтыру мақсатында, э.и.и.қ. тығыздығын өсіру үшін, автоматикалық қуатты

- реттеу қолданылады. Тіркелген жерсеріктік қызметтің ғарыш станцияларының қуат ағынының тығыздығы, жоғарыда көрсетілген шамаға ашық аспан кезіндегі шамаға сәйкес келгенше көтеріледі. (ДРК-03) 5.503А Шығарып тасталынған.
- 5.504 14-14,3 ГГц жолағын радионавигациялық қызметке пайдалану тіркелген жерсеріктік қызметтің ғарыш станцияларын жеткілікті қорғауды қамтамасыз ететін түрде орындалуы
к е р е к .
- 5.504А 14-14,5 ГГц жолағында әуедегі ұшақтардың жер станциялары екінші негіздегі жылжымалы жерсеріктік қызметке, сондай-ақ тіркелген жерсеріктік қызметтің ғарыш станцияларымен байланыста бола алады. 5.29, 5.30 және 5.31. пп. Жағдайлар қолданылады (ДРК-03).
- 5.504В 14-14,5 ГГц жолағында әуедегі жылжымалы жерсеріктік қызметте жұмыс істейтін Әуедегі кемелердің жер станциялары, Испания, Франция, Индия, Италия, Біріккен Корольдік және Оңтүстік-Африка Республикасы территорияларында орналасқан, радиоастрономиялық станцияның 14,47-14,5 ГГц жолағында кез келген байқауы тұрғысында М.1643 ХЭО - R Ұсыныстары С бөлімінің 1 Қосымшасындағы ережелерін сақтаулары қажет. (ДРК-03)
- 5.504С Сауд Арабиясы, Ботсван, Кот-д'Ивуар, Египет, Гвинея, Индия, Иран Ислам Республикасы, Кувейт, Лесото, Нигерия, Оман, Сирия Араб Республикасы және Тунис территорияларында 14-14,25 ГГц жолағындағы, кез келген әуедегі жылжымалы жерсеріктік қызметтің әуедегі кемесінің жер станциясы тудыратын қуат ағынының тығыздығы М.1643 ХЭО - R Ұсыныстары С бөлімінің 1 Қосымшасында көрсетілген шамадан аспауы қажет, қатысты әкімшілікпен (әкімшіліктермен) басқа келісім орнатылмаған болса. Бұл ескертудің ережелері ешқандай да әуедегі жылжымалы жерсеріктік қызметтің міндеттерін 5.29 п. сәйкес екінші реттік негіздегі қолданысын шектемейді. (ДРК - 03)
- 5.505 Алжир, Ангола, Сауд Арабиясы, Бахрейн, Ботсван, Бруней-Даруссалам, Камерун, Қытай, Конго Республикасы, Корея Республикасы, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Габон, Гвинея, Индия, Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Израиль, Япония, Иордания, Кувейт, Лесото, Ливан, Малайзия, Мали, Марокко, Мавритания, Оман, Пәкістан,

- Филиппины, Катар, Сирия Араб Республикасы, Корея Халық-Демократиялық Республикасы, Сингапур, Сомали, Судан, Свазиленд, Танзания, Чаде, Вьетнам және Йеменде 14-14,3 ГГц жолағы, сондай-ақ тіркелген қызметке бірінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-07)
- 5.506 14-14,5 ГГц жолағы тіркелген жерсеріктік қызметке (ғарыш-Жер) жерсеріктік радиохабар қызметінің фидер жолдарына, тіркелген жерсеріктік қызметтің басқа желілермен үйлестіру шарты орындалған жағдайда жүргізіледі. Жолақты фидер жолдарына мұндай пайдалану Европадан шет орналасқан елдерге қор ретінде қолданылады.
- 5.506А 14-14,5 ГГц жолағында э.и.с.қ. шамасы 21 дБВт асатын кемелік жер станциялары 902 Қарарда (ДРК -03) көрсетілген, кеме бортындағы жер станцияларымен бірдей шартта жұмыс атқарулары қажет. Бұл ескерту, 4 Қосымшаға сәйкес толық ақпарат радиобайланыс Бюросында 2003 жылдың 5 шілдесіне дейін алынған кемелік жер станцияларына қолданылмайды. (ДРК-03)
- 5.506В Тіркелген жерсеріктік қызметтің ғарыш станцияларымен байланыста болатын кеме бортындағы жер станциялары, 14-14,5 ГГц жолағында, 902 Қарарда көрсетілген шамасында Кипр, Греция және Мальта елдерінің алдын ала келісімін алмай-ақ жұмыс атқара алады. (ДРК-03)
- 5.507 П а й д а н ы л м а й д ы .
- 5.508 Қосымша таратылу: Германия, Босния и Герцеговина, Франция, Италия, Ливия Араб Джамахириясы, бұрынғы Югославия Республикасы, Македония және Біріккен Королдық елдерінде 14,25-14,3 ГГц жолағы тіркелген қызметке бірінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-07)
- 5.508А 14,25-14,3 ГГц жолағында кез келген әуедегі жылжымалы жерсеріктік қызметтің әуедегі кемесіндегі жер станциясы тудыратын қуат ағынының тығыздығы Сауд Арабиясы, Ботсван Қытай, Кот-д'Ивуар, Египет, Франция, Гвинея, Индия, Иран Ислам Республикасы, Италия, Кувейт, Лесото, Нигерия, Оман, Сирия Араб Республикасы, біріккен Королдық және Тунис территориясында ХЭО-Р М.1643 Ұсынысының 1 Қосымшасындағы В бөлімінде көрсетілген шектік шаманы аспауы қажет, егер қатысты әкімшілік (әкімшіліктер) арасында басқа келісімдер жасалынған болмаса. Бұл

ереженің ескертпелері әуедегі жылжымалы жерсеріктік қызметтің міндеттерін екінші реттік негізде 5. 29 п. сәйкес әрекеттенуін шектемейді.

5.509 Шығарып тасталынған

5.509А 14,3-14,5 ГГц жолағында кез келген әуедегі жылжымалы жерсеріктік қызметтің әуедегі кемесіндегі жер станциясы тудыратын қуат ағынының тығыздығы Сауд Арабиясы, Ботсван Камерун; Қытай, Кот-д'Ивуар, Египет, Франция, Габон, Гвинея, Индия, Иран Ислам Республикасы, Италия, Кувейт, Лесото, Марокко, Нигерия, Оман, Сирия Араб Республикасы, біріккен Королдық, Шри-Ланка, Вьетнам, және Тунис территориясында ХЭО-Р М.1643 Ұсынысының 1 Қосымшасындағы В бөлімінде көрсетілген шектік шаманы аспауы қажет, егер қатысты әкімшілік (әкімшіліктер) арасында басқа келісімдер жасалынған болмаса. Бұл ереженің ескертпелері әуедегі жылжымалы қызметтің міндеттерін екінші реттік негізде 5. 29 п. сәйкес әрекеттенуін шектемейді. (ДРК-03)

5.510 14,5-14,5 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік (Жер-ғарыш) қызметпен қолдану жерсеріктік радиохабар тарату қызметінің фидер линияларымен шектеледі. Бұл жолақтың мұндай қолданымы Европадан шет тұратын елдер үшін сақталым қоры болып келеді.

5.511 Қосымша таратылу: Сауд Арабиясы, Бахрейн, Босния және Герцеговина, Камерун, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Гвинея, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Израиль, Ливия Араб Джамахириясы, Кувейт, Ливан, Пәкістан, Катар, Сирия Араб Республикасы және Сомалида 15,35-15,4 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметтерге екінші реттік негізде бөлінген.

5.511А 15,43-15,63 ГГц жолағы тіркелген жерсеріктік қызметке (ғарыш-Жер) бірінші реттік негізде бөлінген. 15,43-15,63 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік қызметке (ғарыш-Жер) және Жер-ғарыш) пайдалану жылжымалы жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жүйелерінің фидер жолдарымен п. 9.11А сәйкес үйлестіру жұмыстары жүргізілген жағдаймен шектелген. 15,43-15,63 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік қызметке (ғарыш-Жер) пайдалану жылжымалы жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жүйелерінің фидер

жолдарымен шектелген. Бұл жағдайға байланысты ақпарат алдын ала жариялану үшін Бюроға 2000 жылдың 2 маусымына дейін келіп түскен. Жер станциялары Ғарыш-Жер бағытында жер станциясы антеннасының орыны мен ең кіші бұрышы және горизонттың жергілікті жазықтығына қатысты күшейту коэффициенті, сондай-ақ ең кіші үйлестіру ара қашықтығы жер станцияларын зиянды кедергілерден қорғау ХЭО-R 3.1341 Ұсыныстарына сәйкес болуы тиіс. 15,35-15,4 ГГц жолағында радиоастрономиялық қызметін қорғау үшін, 15,35-15,4 ГГц жолағында шығарылатын жылжымалы жерсеріктік қызметтің (ғарыш-Жер) геостационарлық емес жүйелерінің фидер жолдары шамасындағы 15,43-15,63 ГГц жолағында жұмыс атқаратын ғарыш станцияларының қуат ағынының жинақталған шамасы - $156 \text{ дБ(Вт/м}^2)$ деңгейінен аспауы тиіс, 50 МГц ендік жолақта радиоастрономиялық обсерваторияның кез келген орынында, 2% уақыт ішінде. (ДРК-2000)

5.511В Шығарып тасталынған.

5.511С Әуедегі радионавигациялық қызметке жұмыс атқаратын станциялар ХЭО-R. S.1340. Ұсыныстарына сәйкес э.и.с.қ. шектеуі қажет. Әуедегі радионавигациялық қызмет станцияларын жер станцияларының фидер жолдарының зиянды кедергілерінен қорғау үшін керекті ең кіші үйлестіру арақашықтығы және горизонттың жергілікті жазықтығында жер станциясының фидер жолдарымен берілетін ең үлкен э.и.с.қ. шамасы МСЭ-R. S.1340 Ұсыныстарына сәйкес келуі қажет. (ДРК - 97)

5.511D 1997 жылдың 21 қарашасында жарияланғанға дейін Бюрода алдын ала алынған толық мәліметтердегі тіркелген жерсеріктік қызмет жүйелері 15,4—15,43 ГГц және 15,63-15,7 ГГц жолақтарында, ғарыш-Жер бағытында, 15,63-15,65 ГГц жолағында Жер-ғарыш бағытында жұмыс жасай алады. 15,63-15,65 ГГц жолағында геостационарлық емес ғарыш станцияларының сәулеленулерінің қуат ағынының Жер бетіндегі тығыздығы барлық түсу бұрыштарында - $146 \text{ дБ(Вт/(м}^2 \text{ МГц))}$ аспау керек. 15,63-15,65 ГГц жолағындағы сәулеленулерді геостационарлық емес ғарыш станцияларына әкімшіліктермен жоспарлағанда, сәулеленулердің шамасы кез келген түсу

бұрыштарында - 146 дБ(Вт/(м² МГц))-тен асқан жағдайда, оған қатысты әкімшіліктермен үйлестіру п. 9.11А сәйкес жүргізілуі қажет. 15,63-15,65 ГГц жолағында Жер-ғарыш бағытында жұмыс істейтін тіркелген жерсеріктік қызмет станциялары радионавигациялық қызметтің әуедегі станцияларына зиянды кедергілер тудырмауы керек.(4.10 п. қолданылады) (ДРК-97)

5.512 Қосымша таратылу: Алжир, Ангола, Сауд Арабиясы, Австрия, Бахрейн, Бангладеш, Бруней-Даруссалам, Камерун, Конго Республикасы, Коста-Рика, Египет, Сальвадор, Біріккен Араб Эмираттары, Эритрея, Финляндия, Гватемала, Индия, Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Ливия Араб Джамахириясы, Иордания, Кения, Кувейт, Ливан, Малайзия, Мали, Марокко, Мавритания, Черногория, Мозамбик, Непал, Никарагуа, Оман, Пәкістан, Катар, Сирия Араб Республикасы, Сербия, Сингапур, Сомали, Судан, Свазиленд, Танзания, Чад, Того және Йеменде 15,7-17,3 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметтерге бірінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-07)

5.513 Қосымша таратылу: Израильде 15,7-17,3 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметтерге бірінші реттік негізде бөлінген. Бұл қызметтер зиянды кедергілерден қорғанысты талап етпеуі тиіс және оларды Кесте бойынша жұмыс істейтін, 5.512. п. көрсетілмеген елдерге тудырмауы керек.

5.513А 17,2-17,3 ГГц жолағында жұмыс істейтін ғарыш белсенді сезбектер зиянды кедергілер тудырмауы керек немесе бірінші реттік негізде бөлінген радиолокациялық және басқа қызметтердің дамуына кедергі жасамауы тиіс. (Д Р К - 9 7)

5.514 Қосымша таратылу: Алжир, Ангола, Сауд Арабиясы, Бахрейн, Бангладеш, Камерун, Коста-Рика, Сальвадор, Біріккен Араб Эмираттары, Гватемала, Үндістан, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Израиль, Италия, Ливия, Араб Джамахириясы, Жапония, Иордания, Кувейт, Литва, Непал, Никарагуа, Оман, Өзбекстан, Пәкістан, Катар, Қырғызстан және Суданда 17,3-17,7 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметтерге екінші реттік негізде бөлінген. 21,3 және

21,5 п. көрсетілген сәулелену шектеулері қолданылуы тиіс.
(Д Р К - 0 7)

5.515 17,3-17,8 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік қызмет (ғарыш-Жер) пен және жерсеріктік радиохабар қызметтеріне бірге пайдалану 30А Қосымшасының - 4 Толықтырмасы, 1 бөлімі қағидаларына сай орындалады.

5.516 5.516 17.3-18.1 ГГц жолағын пайдалану тіркелген жерсеріктік қызметтің (Жер-ғарыш) геостационарлық жерсеріктік жүйелерінің жерсеріктік радиохабар қызметтерінің фидер жолдарымен шектеледі. 17.3-17.8 ГГц жолағын 2 -ауданда тіркелген жерсеріктік қызмет жүйелерімен (Жер-ғарыш) қолдану геостационарлық жерсеріктермен шектеледі. 17.3-17.8 ГГц жолағын 2 - ауданда жерсеріктік радиохабар қызметтерінің фидер жолдарымен 12.2-12.7 ГГц жолақта пайдалануы туралы 11 Бабын қара. 17.3-18.1 ГГц жолағы (Жер-ғарыш) 1 және 3 -аудандарда және 17.3-17.8 ГГц жолағы (Жер-ғарыш) 2 -ауданда, 538 Қарарының ережелерін орындаған жағдайда, тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жерсеріктік жүйелеріне қолданылады. п. 5.43А радиобайланыс Регламентіне сәйкес жұмыс атқаратын, үйлестіру және өтініш туралы толық ақпараттың Бюроға келіп түскен уақытына байланысты емес, тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық жерсеріктік жүйелерінен қорғаныс талап етпеуі тиіс, жағдайға байланысты, тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жерсеріктік жүйелері үшін және үйлестіру және өтініш туралы толық ақпараттың Бюроға келіп түскен уақытына байланысты, жағдайға байланысты, геостационарлық жерсеріктік жүйелері үшін, бұл жерде 5.43А п. қолданылмайды. Тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес жерсеріктік жүйелері жоғарыда көрсетілген жолақтарда, жұмыс кезінде пайда болуы мүмкін кедергілерді тез арада жоя алатын жағдайда жұмыс істеуі қажет. (Д Р К - 2 0 0 0)

5.516А 17,3-17,7 ГГц жолағында тіркелген жерсеріктік қызметтің жер станциялары (ғарыш-Жер) 1 -ауданда, 30А Қосымшаға сәйкес жұмыс атқаратын жерсеріктік радиохабар тарату қызметінің фидер жолдарынан қорғаныс талап етпеуі тиіс немесе жерсеріктік радиохабар тарату қызметінің фидер

жолдары жер станцияларының орналасуына, фидер жолдарының қызмет істеу зоналарында ешқандай шектеулер орнатпауы
т и і с . (Д Р К - 0 3)

- 5.516В Тіркелген жерсеріктік қызметтің жоғарғы тығыздықты жүйелері үшін келесі жиілік жолақтары анықталған:
- 17,3-17,7 ГГц (ғарыш-Жер) 1 -ауданда,
 - 18,3-19,3 ГГц (ғарыш-Жер) 2 -ауданда
 - 19,7-20,2 ГГц (ғарыш-Жер) барлық -аудандарда,
 - 39,5-40 ГГц (ғарыш-Жер) 1 -ауданда,
 - 40-40,5 ГГц (ғарыш-Жер) барлық -аудандарда,
 - 40,5—42 ГГц (ғарыш-Жер) 2 -ауданда,
 - 47,5-47,9 ГГц (ғарыш-Жер) 1 -ауданда,
 - 48,2-48,54 ГГц (ғарыш-Жер) 1 -ауданда,
 - 49,44-50,2 ГГц (ғарыш-Жер) 1 -ауданда,
 - 27,5-27,82 ГГц (Жер-ғарыш) 1 -ауданда,
 - 28,35-28,45 ГГц (Жер-ғарыш) 2 -ауданда,
 - 28,45-28,94 ГГц (Жер-ғарыш) барлық -аудандарда,
 - 28,94-29,1 ГГц (Жер-ғарыш) 2 және 3 -ауданда,
 - 29,25-29,46 ГГц (Жер-ғарыш) 2 -ауданда,
 - 29,46-30 ГГц (Жер-ғарыш) барлық -аудандарда,
 - 48,2-50,2 ГГц (Жер-ғарыш) 2 -ауданда.

Мұндай анықтама бұл жолақтардың тіркелген жерсеріктік қызметінің басқа жүйелеріне немесе басқа қызметтерге, осы жиіліктер бірінші реттік негізде бөлінген, қолдануға кедергі болмайды және осы айтылғанмен, осы жолақтың басқа тұтынушыларына Регламентте басымдылық орната алмайды. 143

Қарарды қара ДРК-03). (ДРК -03)

- 5.517 2 -ауданда 17,3 - 17,8 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік қызметінің (Жер-ғарыш) қолдануын, Радиобайланыс Регламентіне сәйкес жұмыс істеп жатқан жерсеріктік радиохабар қызметтеріне зиянды кедергілер тудырмауы тиіс немесе қорғанысты талап етпеуі керек. (ДРК -07)

5.518 Шығарып тасталынған.

- 5.519 қосымша таратылу: 18,0-18,3 ГГц жолағы 2-ауданда және 18,1-18,4 ГГц 1 және 3 аудандарда метеорологиялық жерсеріктік қызметке (ғарыш-Жер) бірінші реттік негізде бөлінген. Олардың қолдануы геостационарлық жерсеріктік қызметпен шектеледі. (ДРК-07)

- 5.520 18.1-18.4 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік қызметке

- (Жер-ғарыш) пайдалану жерсеріктік радиохабар қызметтерінің фидер жолдарымен шектеледі. (ВКР-2000)
- 5.521 Ауыстырылымды таратылу: Германия, Дания, Біріккен Араб
- 5.522 Эмираттарында және Грецияда 18.1-18.4 ГГц жолағы тіркелген, тіркелген жерсеріктік (ғарыш-Жер) және жылжымалы қызметтерге бірінші реттік негізде бөлінген (5.33 п. қара). Сонымен бірге 5.519 п. ережелері пайдаланымды. (ВКР-03)
- 5.523 (Шығарып тасталынған ДРК -2000)
- 5.522А Тіркелген қызмет және тіркелген жерсеріктік қызмет сәулеленулері 18,6-18,8 ГГц жолағында 21.5А және 21,16.2. п.п көрсетілген шамаларымен шектелген. (ДРК-2000)
- 5.522В 18,6-18,8 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік қызмет пен қолдану геостационарлық жүйелермен және 20 000 км-ден астам орбита опогаясы жүйелерімен шектелген. (ДРК-2000)
- 5.522С 18,6-18,8 ГГц жолағында Алжир, Сауд Арабиясы, Бахрейн, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Ливия Араб Джамахириясы, Иордания, Ливан, Марокко, Оман, Катар, Сирия Араб Республикасы, Тунис және Йеменде 21.5А п. көрсетілген шектеулер, ДРК-2000 Қорытынды Актілері күшіне енгенге дейін пайдаланылған тіркелген қызметке таралмайды. (ДРК-2000)
- 5.523 (Шығарып тасталынған ДРК -2000)
- 5.523А 18.8-19.3 ГГц (ғарыш-Жер) және 28.6-29.1 ГГц (Жер-ғарыш) жолақтарын тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық және геостационарлық емес желілеріне пайдалану 9.11А ережелерін пайдаланғанда атқарылады, ал 22.2 п. п. пайдаланылмайды. 1995 жылдың 18 қарашасына дейін бөлуден өткен геостационарлық желілері бар әкімшіліктер, барынша 9.11п. (Қайта қаралған ДКР-97) бойынша өтініштік мәліметтері Бюроға аталған күнге дейін түскен геостационарлық емес желілерге, барлық мүдделі жақтарға тиімді нәтижеге жету мақсатында, үйлестіруді өтуге толық жағдай жасауы керек. Геостационарлық емес желілер, толық өтініштік мәліметтері 3 Қосымшаға сәйкес Бюромен 1995 жылдың 18 қарашасына дейін алынған есебіне қаралып, тіркелген жерсеріктік қызметтің геостационарлық желілеріне қолайсыз кедергілер тудырмауы керек. (ВКР-97)
- 5.523В 19,3-19,6 ГГц жолағын (Жер-ғарыш) тіркелген жерсеріктік

қызметке пайдалану геостационарлық емес ЖЖҚ жүйелердің фидер жолдарымен шектелген. Мұндай пайдаланымда п. 9.11А ережелері қолданылады, бірақ п. 22.2. ережелері пайдаланылмауы керек.

- 5.523С Радиобайланыс Регламентінің п. 22.2 пайдалануы, 19,3-19,6 ГГц және 29,1-29,4 ГГц жолақтарында, жылжымалы жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес желілерінің фидер жолдарымен және 4 қосымшасына сәйкес үйлестіру туралы толық мәліметтер немесе өтініштік ақпарат 1995 жылдың 18 қарашасына дейін Бюроға алынған есебінде болып, тіркелген жерсеріктік қызмет станциялары жұмыстарын жалғастыра беруі керек. (ВКР-97)
- 5.523D 19,3-19,7 ГГц жолағын (Жер-ғарыш) Тіркелген жерсеріктік қызмет геостационарлық жүйелерімен және геостационарлық емес жылжымалы жерсеріктік желілерінің фидер жолдарымен пайдалануда п. 9.11А ережелері қолдануы керек, бірақ п. 22.2. ережелері қолданылмауы керек. Бұл жолақты басқа жылжымалы жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес желілерінің қолдануы немесе п.п.
- 5.523С және 5.523Е көрсетілген жағдайларда п. 9.11А ережелері, қолданылмайды, 9 баптағы процедураларды қолдану жалғастырылуы қажет.(9.11А п. және 11 және 22.2. п. Ережелерін қоспағанда. (ДРК-97)
- 5.523Е Радиобайланыс регламентінің п. 22.2 пунктін пайдалануы 19,6—19,7 ГГц және 29,4-29,5 ГГц жолақтарында, жылжымалы жерсеріктік қызметтің геостационарлық емес желілерінің фидер жолдарымен және 4 қосымшасына сәйкес үйлестіру туралы толық мәліметтер немесе өтініштік ақпарат 1995 жылдың 18 қарашасына дейін Бюроға алынған есебінде болып, тіркелген жерсеріктік қызмет станциялары жұмыстарын жалғастыра беруі керек.
- 5.524 Қосымша таратылу: Ауғаныстан, Алжир, Ангола, Сауда Аравиясы, Бахрейн, Бруней-Даруссалам, Камерун, Қытай, Конго Республикасы, Коста-Рика, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Габон, Гватемала, Гвинея, Индия, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Израиль, Япония, Иордания, Кувейт, Ливан, Малайзия, Мали, Марокко, Мавритания, Непал, Нигерия, Оман, Пәкістан, Филиппин, Катар, Сирия Араб Республикасы, Конго Демократиялық Республикасы, Корей

Халық-Демократиялық Республикасы, Сингапур, Сомали, Судан, Танзания, Чад, Того және Туниске 19,7-21,2 ГГц жолағында және жылжымалы жерсеріктік қызметтің ғарыш станцияларының 19,7-21,2 ГГц жолағында, мұндай жылжымалы жерсеріктік қызметке бөлу аталған жолақта бірінші реттік негізде жасалынған болса, қуат ағынының тығыздығына ешқандай шек салмауы керек. (ВКР-07)

5.525 Жылжымалы жерсеріктік қызмет пен тіркелген жерсеріктік қызмет желілері арасындағы аймақ аралық үйлестіруді жеңілдету мақсатында, жылжымалы жерсеріктік қызмет тасымалдарының кедергілерге ең әсерлілерін бар мүмкіндігінше 19,7-20,2 ГГц және 29,5-30 ГГц жолақтарының жоғарғы жақтарына орналастыру керек.

5.526 19,7-20,2 ГГц және 29,5-30 ГГц жолақтары 2-ауданда және 20,1-20,2 ГГц және 29,9-30 ГГц жолақтары 1 және 3-ауданда тіркелген жерсеріктік желілерімен де, жылжымалы жерсеріктік желілерімен де, анықталған немесе анықталмаған пункттерде немесе қозғалыста болатын, бір пункті екінші пунктпен және бір пункті бірнеше пунктпен, бір немесе бірнеше жер серіктері арқылы байланыстыруға жердегі станциялар арасындағы жолдары кіруі мүмкін.

5.527 19,7-20,2 ГГц және 29,5-30 ГГц жолақтарында 4.10 п. ережелері жылжымалы жерсеріктік қызметке п а й д а л а н ы л м а й д ы .

5.528 Жылжымалы жерсеріктік қызметке таратылу ғарыш станцияларындағы тар бағыттылған антенналар мен басқа да соңғы деңгейлі технологияларда қолданатын желілерде пайдалануға арналған. 2 -аудандағы 19,7-20,1 ГГц жолағы және 20,1-20,2 ГГц жолағында, 5.524 п. ережелеріне сай тіркелген және жылжымалы жүйелерді пайдаланатын әкімшіліктер бұл жолақтарды тұрақты дайындықта ұстау үшін барлық мүмкіншілікті шараларды орындаулары керек.

5.529 19,7-20,1 ГГц және 29,5-29,9 ГГц жолақтарды жылжымалы жерсеріктік қызметке 2-ауданда пайдалану, 5.526 п. көрсетілгендей, тіркелген жер серік пен жылжымалы жерсеріктік желілерге бірден жататын жерсеріктік желілермен шектеледі.

5.530 1 және 3 -ауданда 21,4-22 ГГц жолағын жерсеріктік радиохабар тарату қызметімен пайдалану 525 Қарардың

ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. (Қайта қарал.
Д Р К - 0 7) . (Д Р К - 0 7)

5.531 Қосымша таратылу: Жапонияда 21,4-22 ГГц жолағы,
сондай-ақ, радиохабар қызметіне бірінші реттік негізде
б ө л і н г е н .

5.532 22,21-22,5 ГГц жолағын пайдалануда, жерсеріктік Жерді
зерттеу (белсенді емес) және ғарыш зерттеу (белсенді
емес) қызметтері тіркелген және жылжымалы қызметтерге,
әуедегі жылжымалы қызметті қоспағанда, шектеу қоймауы
т и і с .

5.533 Жер серік аралық қызмет радионавигациялық қызметтің
аэродром станциясындағы жер бетін торуылдау
қондырғыларының зиянды кедергілерінен қорғанысты талап
ет п е у і к е р е к .

5.534 (Шығарып тасталынған ДРК-03)

5.535 24,75-25,25 ГГц жолақта артықшылық, бұл жолақтың
тіркелген жерсеріктік қызметтерінің (Жер-ғарыш) басқа
пайдалануларына қарағанда, жерсеріктік радиохабар
станцияларының фидер жолдарына беріледі. Мұндай басқа
пайдаланымдарды бұрынғы жұмыстағы және келешек радиохабар
қызметтер станцияларының фидер жолдары қорғаныспен
қамтамасыз етілуі керек және мұндай станциялардың зиянды
кедергілерінен қорғаныс талап етілмеуі керек.

5.535А 29,1-29,5 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік қызметтерінде
(Жер-ғарыш) пайдалану, геостационарлық жерсеріктік
жүйелермен және геостационарлық емес жылжымалы
жерсеріктік қызметтің фидер жолдарымен шектеледі. Мұндай
қолданыста 9.11 А п. сәйкес ережелері қолдануы тиіс,
бірақ 22.2 п. қолданбауы тиіс, 5.523С және 5.523Е пп.
көрсетілген, 9.11А п. ережелері қолданбайтын жағдайларды
қоспағанда, 9 баптағы процедуралар және 22.2 п. ережелер
қ о л д а н у ы т и і с . (Д Р К - 9 7)

5.536 25,25-27,5 ГГц жолақтарын жерсерікаралық қызметте
пайдалану, ғарыш зерттеу және жерсеріктік Жерді зерттеу
қызметтерімен, сонымен қатар, өнеркәсіптік және
медициналық қызметтердің ғарыштағы деректер таратуымен
ш е к т е л е д і .

5.536А Жерсеріктік Жерді зерттеу станцияларын орнатушы
әкімшіліктер, көрші әкімшіліктер пайдаланатын тіркелген

және жылжымалы станциялардан қорғанысты талап ете алмайды. Жерсеріктік Жерді зерттеу қызметінің жердегі станциялары, қосымша SA.1278 ХЭУ-Р Ұсыныстарын ескерулері қ а ж е т . (Д Р К - 0 3)

5.536В Германия, Сауд Арабиясы, Австрия, Бельгия, Бразилия, Болгария, Қытай, Корей Республикасы, Дания, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Испания, Эстония, Финляндия, Франция, Венгрия, Индия, Иран Ислам Республикасы, Ирландия, Израиль, Италия, Ливия, Араб Джамахириясы, Иордания, Кения, Кувейт, Ливан, Лихтенштейн, Литва, Молдова, Норвегия, Оман, Уганд, Пәкістан, Филиппины, Польша, Португалия, Сирия Араб Республикасы, Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Словакия, Чех Республикасы, Румыния, Біріккен Корольдіктер, Сингапур, Швеция, Швейцария, Танзания, Түркия, Вьетнам және Зимбабведегі жер серіктік Жерді зерттеу қызметінде 25.5-27.0 ГГц жолағында жұмыс істейтін жердегі станциялар тіркелген және жылжымалы қызмет станциялары жағынан қорғанысты талап етпеуі керек және олардың пайдалануына және кеңейтілуіне кедергі келтірмеуі тиіс. (ДРК-07)

5.536С Алжир, Сауд Арабиясы, Бахрейн, Ботсван, Бразилия, Камерун, Комор аралдары, Куба, Джибути, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Эстония, Финляндия, Иран Ислам Республикасы, Израиль Иордания, Кения, Кувейт, Литва, Малайзия, Марокко, Нигерия, Оман, Катар, Сирия Араб Республикасы, Сомали, Судан, Танзания, Тунис, Уругвай, Замбия және Зимбабвада 25,5-27 ГГц жолағында, ғарыш зерттеу қызметінде жұмыс атқаратын жер станциялары, тіркелген және жылжымалы қызметтерден қорғаныс талап етпеуі қажет және олардың қолданылуына және пайдалануына және кеңейтілуіне кедергі келтірмеуі тиіс. (ДРК-03)

5.537 Геоостационарлық емес жер серіктерін пайдаланатын, 27-27.5 ГГц жолағында жер серік аралық қызметте жұмыс істейтін ғарыш қызметтеріне 22.2 п. ережелерінің талаптары қ о л д а н ы л м а й д ы .

5.537А Бутан, Камерун, Корея Республикасы, Ресей, Индия, Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Жапония, Қазақстан, Лесото, Малайзия, Мальдив аралдары, Моңғолия, Мьянма, Өзбекстан, Пәкістан, Филиппиндар, Қырғызстан, Корея

- Халық-Демократиялық Республикасы, Шри-Ланка, Таиланд және Вьетнамда 27,9-28,2 ГГц жолағындағы тіркелген қызметке бөлінген. Бұл жолақ сонымен қатар, биік платформадағы (HAPS) станциялармен, осы елдер территориясында қолдана алады. HAPS станцияларының 300 МГц мұндай қолданысы тіркелген қызметке бөлінген жолақта жоғарыда аталған елдерде ары қарай HAPS-Жер бағытында жұмыс атқарумен шектелген, бұл жерде олар тіркелген қызметтің басқа жүйелеріне немесе осы жолақ бірінші реттік негізде бөлінген басқа қызметтерге зиянды кедергілер тудырмауы тиіс, немесе олардан қорғаныс талап етпеуі тиіс. Бұдан басқа, HAPS станциялары басқа қызмет станцияларының дамуына кедергі жасамауы тиіс. 145 Қарар (қайт қарал. Д Р К - 0 7) . (Д Р К - 0 7)
- 5.538 Қосымша таратылу: 27.500-27.501 ГГц және 29.999-30.000 ГГц жолақтары тіркелген жерсеріктік қызметке (ғарыш-Жер), Жер-ғарыш жолдарындағы қуаттарды басқаруға арналған радиомаяктар хабарына таратылған. Ғарыш-Жер бағытында мұндай таратулар баламалық изотропты сәулелену қуатын (э.и.с.қ.) көрші геостационарлық орбитадағы жер серіктер бағытында +10 дБВт-дан асырмауы тиіс. (ДРК-07).
- 5.539 27.5-30 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік (Жер-ғарыш) радиохабар қызметінің фидер жолдарын қамтамасыз етуге п а й д а л а н у ғ а б о л а д ы .
- 5.540 Қосымша таратылу: 27.501-29.999 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген жерсеріктік қызметте (ғарыш-Жер) екінші реттік негізде Жер-ғарыш жолдарындағы қуаттарды басқаруға арналған радиомаяктар хабарына бөлінген.
- 5.541 28.5-30 ГГц жолағында жерсеріктік Жерді зерттеу қызметі станциялар арасында мәліметтер таратумен шектелген, ол белсенді және белсенді емес сезбектермен бірінші реттік ақпарат жинауға арналмаған.
- 5.541А 29.1-29.5 ГГц жолағында (Жер-ғарыш) жұмыс істейтін геостационарлық емес ЖЖҚ желілерінің фидер жолдары мен геостационарлық БЖҚ желілері, екі желінің арасындағы өзара кедергілер деңгейін төмендете түсіп, қажетті сапалы сипаттамаларға жету үшін жердегі станциялардың таратуларының қажетті қуат деңгейлерінде болдыра отырып, Жер-ғарыш жолындағы қуатты икемді басқаруды немесе басқа

тынуларды теңгеруді пайдалануы керек. Бұл әдістер, 4 Қосымшасына сәйкес үйлестік туралы талап етілетін мәліметтер, Бюрода 1996 жылдың 17 мамырынан кейін алынған деп есептелінеді, және де болашақ саликалы дүниежүзілік радиобайланыс конференциясымен өзгертілгенге дейін, желілерге пайдалануы тиіс. 4 Қосымшасының талаптарына сәйкес үйлестіру мәліметтерін аталған күннен ерте берген әкімшіліктер, бұл әдістерді тәжірибелік түрдегі нақты мүмкіншіліктеріне қарай пайдаланады. Бұл әдістер ХЭҰ-Р [121 Қарарын (ВКР-97) қарар] бойынша қайта қаралуы мүмкін. (В К Р - 2 0 0 0)

- 5.542 Қосымша таратылу: Алжир, Сауд Аравиясы, Бахрейн, Бруней-Даруссалам, Камерун, Қытай, Конго, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Эритрея, Эфиопия, Гвинея, Индия, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Жапония, Иордания, Кувейт, Ливан, Малайзия, Мали, Марокко, Мавритания, Непал, Пәкістан, Филиппин, Катар, Сирия Араб Республикасы, Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Сомали, Судан, Шри-Ланка және Чадта 29.5-31 ГГц жолағы, сондай-ақ, тіркелген және жылжымалы қызметке екінші реттік негізде бөлінген. 21.3 және 21.5 п. көрсетілген қуат шектеулері қолданылуы керек. (ВКР-07).
- 5.543 29.95-30 ГГц жолағы жерсеріктік Жерді зерттеу қызметінің ғарыш-ғарыш жолдарында телеметрия, ізге түсу мен басқару мақсатында екінші реттік негізде пайдаланылады.
- 5.543А Бутан, Камерун, Корея Республикасы, Ресей, Индия, Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Жапония, Қазақстан, Лесото, Малайзия, Мальдив аралдары, Моңғолия, Мьянма, Өзбекстан, Пәкістан, Филиппиндар, Қырғызстан, Корея Халық-Демократиялық Республикасы, Шри-Ланка, Таиланд және Вьетнамда 31-31,3 ГГц жолағындағы тіркелген қызметке бөлінген. Бұл жолақ сонымен қатар, биік платформадағы (HAPS) станциялармен, осы елдер территориясында қолдана алады. HAPS станцияларының 300 МГц мұндай қолданысы тіркелген қызметке бөлінген жолақта жоғарыда аталған елдерде ары қарай Жер-HAPS бағытында жұмыс атқарумен шектелген, бұл жерде олар тіркелген қызметтің басқа жүйелеріне немесе осы жолақ бірінші реттік негізде бөлінген басқа жылжымалы және 5.545 п. сәйкес

пайдаланылатын жүйелерге зиянды кедергілер тудырмауы тиіс, немесе олардан қорғаныс талап етпеуі тиіс. Бұдан басқа, NAPS станциялары басқа қызмет станцияларының дамуына кедергі жасамауы тиіс. NAPS жүйелері 31-31,3 ГГц жолағындағы бірінші реттік негізде бөлінген радиоастрономиялық қызметке, ХЭО-R RA 769 Ұсыныстарына сәйкес қорғаныс өлшемдерін ескере отырып, зиянды кедергілер тудырмауы тиіс. Белсенді емес жерсеріктік қызметтердің қорғанысын қамтамасыз ету үшін, 31,3-31,8 ГГц жолағындағы NAPS жер станциялары антеннасының кедергі сәулеленулері қуатының тығыздығы, ауа райы ашық болса -106 дБ(Вт/МГц) шамасымен шектелуі қажет, жаңбырлы күндері, өшу шамасын азайту үшін, бұл шаманы -100 дБ (Вт/МГц) дейін көтеруге болады, егер белсенді емес жер серіктің нақты әсері бұл жағдайларда ашық күндердегі шамадан аспаса. 145 Қарар (қайт қарал. ДРК-07). (ДРК-07)

5.544 31-31.3 ГГц жолағы ғарыш зерттеу қызметтерінде 21 Бабында, 21-4 Кестесінде көрсетілген қуат ағынының тығыздығын шектеуде пайдаланылады.

5.545 Қызметтің басқа категориясы: Армения, Грузия, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстанда 31-31.3 ГГц жолағы ғарыш зерттеу қызметіне бірінші реттік негізде бөлінген (5.33 п. кара) (ДРК-07).

5.546 Қызметтің басқа категориясы: Сауд Арабиясы, Армения, Әзербайжан, Беларусь, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Испания, Эстония, Ресей, Грузия, Венгрия, Иран Ислам Республикасы, Израиль, Иордания, Ливан, Молдова, Моңғолия, Өзбекстан, Польша, Сирия Араб Республикасы, Қырғызстан, Румыния, Біріккен Корольдық, Оңтүстік-Африка Республикасы, Тәжікстан, Түрікменстан және Түркияда 31,5-31,8 ГГц тіркелген және жылжымалы, әуедегі жылжымалыны қоспағанда, бірінші реттік негізде бөлінген.(5.33 п. кара) (ДРК-07)

5.547 31.8-33.4 ГГц, 51.4-52.6 ГГц, 55.78-59 ГГц және 64-66 ГГц жолақтары тіркелген қызметке жоғары тығыздық жағдайында пайдаланылады (726 Қарарын (ДКР-97) кара). Бұл жолақ жайында қарастырғанда әкімшіліктерге регламенттік ережелерді есепке алғандары жөн. 39,5-40 ГГц және 40,5-42 ГГц жолақтарында тіркелген жерсеріктік қызмет

станцияларына жоғары тығыздықты қолданудың мүмкіндіктеріне байланысты, (5.516В п. кара) әкімшіліктерге, тіркелген қызметтің жоғарғы тығыздығын ары қарай қолдануды қарастырғанда шектеулерді есепке алулары қажет. (ДРК-03)

5.547А Әкімшіліктерге 31,8-33,4 ГГц жолағының тіркелген қызмет және әуедегі кемелердегі станциялардың, радионавигациялық қызметтердің пайдаланылуы кезіндегі зиянды бөгеттер әсерін азайтудың барлық мүмкіндіктерін жасауға шаралар қолданулары тиіс, бұл жерде әуедегі кемелердегі радарлық жүйелердің пайдалану қажеттігін ескерілулері тиіс. (ДРК - 2000)

5.547В Ауыстырылымды таратылу: Америка Құрама Штаттарында 31.8-32 жолағы радионавигациялық және ғарыш зерттеулер (алыс ғарыш) (ғарыш-Жер) қызметтеріне бірінші реттік негізде бөлінген. (ВКР - 97)

5.547С Ауыстырылымды таратылу: Америка Құрама Штаттарында 32-32.3 жолағы жер серік аралық радионавигациялық және ғарыш зерттеулер (алыс ғарыш) (ғарыш-Жер) қызметтеріне бірінші реттік негізде бөлінген (ДРК-97)

5.547D Ауыстырылымды таратылу: Америка Құрама Штаттарында 32.3-33 жолағы жер серік аралық және радионавигациялық қызметтерге бірінші реттік негізде бөлінген 5.547E

5.548 Ауыстырылымды таратылу: Америка Құрама Штаттарында 33-33.4 жолағы радионавигациялық қызметке бірінші реттік негізде бөлінген (ДРК-97)

5.549 32-33 ГГц жолағында жер серік аралық және радионавигациялық қызметтерді, 31.8-32.3 ГГц жолағында ғарыш зерттеу қызметін (алыс ғарыш) жобалағанда, әкімшіліктер барлық мүмкіншілікті шараларды, радионавигациялық қызметтің жан жақты қауіпсіздігін ескере отырып (707 ұсыныстарын қара). Бұл қызметтер арасында зиянды кедергілер тудырмау үшін пайдалануы керек. (ВКР - 03)

Қосымша таратылу: Сауд Арабиясы, Бахрейн, Бангладеш, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Габон, Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Израиль, Ливия Араб Джамахириясы, Иордания, Кувейт, Ливан, Малайзия, Мали, Мальта, Марокко, Мавритания, Непал, Нигерия, Оман,

Пәкістан, Филиппин, Катар, Сирия Араб Республикасы, Конго Демократиялық Республикасы, Сингапур, Сомали, Судан, Шри-Ланка, Того, Тунис және Йеменде 33,4-36 ГГц жолағы тіркелген және жылжымалы қызметтерге бірінші реттік негізде бөлінген.

5.549А Қосымша таратылу: Сауд Арабиясы, Бахрейн, Бангладеш, Египет, Біріккен Араб Эмираттары, Габон, Индонезия, Иран Ислам Республикасы, Ирак, Израиль, Ливия Араб Джамахириясы, Иордания, Кувейт, Ливан, Малайзия, Мали, Мальта, Марокко, Мавритания, Непал, Нигерия, Оман, Пәкістан, Филиппин, Катар, Сирия Араб Республикасы, Конго Демократиялық Республикасы, Сингапур, Сомали, Судан, Шри-Ланка, Того, Тунис және Йеменде 33,4-36 ГГц жолағы тіркелген және жылжымалы қызметтерге бірінші реттік негізде бөлінген.

5.550 Қызметтің басқа категориясы: Армения, Әзербайжан, Беларусь, Ресей, Грузия, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстанда 34,7-35,2 ГГц жолағы ғарыш зерттеу қызметіне бірінші реттік негізде бөлінген. (5.33 п. қара). (ДРК - 07).

5.550А 36-37 ГГц жолағын жерсеріктік Жерді зерттеу (әрекетті емес) қызмет және тіркелген және жылжымалы қызметтерге біріге қолдану үшін 752 (ДРК -07) Қарары пайдаланылады. (ДРК - 07)

5.551 (Шығарып тасталынған ДРК-97)

5.551А (Шығарып тасталынған ДРК-03)

5.551АА(Шығарып тасталынған ДРК-03)

5.551В (Шығарып тасталынған ДРК-2000)

5.551С (Шығарып тасталынған ДРК-2000)

5.551D (Шығарып тасталынған ДРК-2000)

5.551Е (Шығарып тасталынған ДРК-2000),

5.551F Қызметтің басқа категориясы: Жапонияда 41,5-42,5 ГГц жолағы жылжымалы қызметке бірінші реттік негізде бөлінген. (5.33 п. қара). (ДРК-97)

5.551G (Шығарып тасталынған ДРК-03)

5.551Н 42,5-43,5 ГГц жолағында барлық тіркелген жерсеріктік қызметтің (ғарыш-Жер) геостационарлық емес жерсеріктік жүйелері немесе радиохабар тарату жерсеріктік қызметінің (ғарыш-Жер) ғарыш станциялары тудыратын эквиваленттік

қуат ағынының тығыздығы (э.қ.а.т.), 42-42,5 ГГц жолағында жұмыс атқаратын, кез келген радиоастрономиялық станцияның орналасқан орынындағы 2% уақыт аралығында келесі шамалардан аспауы қажет:

-230 дБ(Вт/м²) ені ГГц және -246 дБ(Вт/м²) ені 500 кГц кез келген жолақта, 42,5-13,5 ГГц жолағында, бірайналы телескоп ретінде тіркелген, радиоастрономиялық станцияның орналасқан орынында; және -209 дБ(Вт/м²) ені 500 кГц кез келген жолақта 42,5-43,5 ГГц жолағында, өте ұзын базасымен интерферометр ретінде тіркелген, радиоастрономиялық станцияның орналасқан орынында. э.қ.а.т бұл шамалары ХЭО-R. S.1586-1 Ұсыныстарында келтірілген методикаларды қолдана отырып, сондай-ақ, ХЭО-R S.1586-1 Ұсыныстарында келтірілген радиоастрономиялық қызметтің антеннаның ең үлкен күшейту шамасы мен антеннаның бағытының эталондық диаграммасы бойынша есептелуі тиіс, және радиотелескоптың ең кіші жұмыстық бұрышы үшін барлық аспанға қолданылады.(бұл үшін өтініш білдірген ақпаратта бұл шама анықталмаған жағдайда 5 ° шамасы қабылданады). Бұл шама кез келген радиоастрономиялық станцияларда қолданылады, егер: немесе 2003 жылдың 5 шілдесіне дейін пайдалануда болса, Бюроға 2004 жылдың 4 қаңтарына дейін өтініш берілсе; Немесе 4 Қосымшаға сәйкес берілген үйлестіру және өтініш туралы ақпарат берілгенге дейін өтініш берілген болса, осы шамалар қолданылатын ғарыш станцияларына байланысты жағдайда. Көрсетілген уақыттан кейін өтініш берілген басқа радиоастрономиялық станциялар жайында, әкімшіліктердің ғарыш станцияларының жұмысына келісім беруі үшін жұмыс жүргізіледі. 2 -ауданда 473 Қарар (ДРК-03) қолданылады. Бұл ескертудегі шектік шамалар, радиоастрономиялық станцияның орналасқан, осыған әкімшіліктер келісім берген орынында өсе алады. (ДРК-07).

5.551П Тіркелген жерсеріктік қызметтің (ғарыш-Жер) немесе радиохабар тарату жерсеріктік қызметінің (ғарыш-Жер) 42,5-43,5 ГГц жолағында жұмыс атқаратын геостационарлық ғарыш станциялары тудыратын қуат ағынының тығыздығы, радиоастрономиялық станцияның орналасқан орынында келесі

көрсетілген шамадан аспауы керек:

-137 дБ(Вт/м²) ені 1 ГГц және -246 дБ(Вт/м²) ені 500 кГц кез келген жолақта, 42,5-43,5 ГГц жолағында, бірайналы телескоп ретінде тіркелген, радиоастрономиялық станцияның орналасқан орынында; және -116 дБ(Вт/м²) ені 500 кГц кез келген жолақта 42,5-43,5 ГГц жолағында, өте ұзын базасымен интерферометр ретінде тіркелген, радиоастрономиялық станцияның орналасқан орынында қолданылады. Бұл шама кез келген радиоастрономиялық станциялардың орналасқан орындарында

қ о л д а н ы л а д ы :

- немесе 2003 жылдың 5 шілдесіне дейін пайдалануда болған және 2003 жылдың 4 қаңтарына Бюроға өтініш берілген;
- немесе осы шектік шамалар қолданылатын ғарыш станциялары жайлы 4 Қосымшаға сәйкес, үйлестіру немесе өтініш туралы толық ақпарат алынғанға дейін өтініш білдірген.

Көрсетілген уақыттан кейін өтініш білдірген, басқа радиоастрономиялық станциялар жайында, ғарыш станциясының жұмысына рұқсат алу үшін әкімшіліктермен келісім жұмыстары жүргізіледі. 2-ауданда 743 қарар қолданылады. (ДРК-03). Ескертпеде көрсетілген шектік шамаларды, радиоастрономиялық станциялардың орналасқан орынындағы әкімшіліктер бұған келісім берген жағдайда өсіруге болады. (Д Р К - 0 3)

Жер - ғарыш бағытында тіркелген жерсеріктік қызметке бөлінген 42.5-43.5 ГГц және 47.2-50.2 ГГц жолақтарының жалпы ені, жерсеріктік радиохабар қызметінің фидер жолдарын қамтамасыз ету үшін ғарыш-Жер таратуларының 37.5-39.5 ГГц жолағынан үлкен. Әкімшіліктер, жерсеріктік радиохабар қызметтің фидер жолдарына 47.2-49.2 ГГц жолағын қор ретінде қамтамасыз ету үшін барлық мүмкіншілікті шараларды қолдануы қажет.

5.552 (Шығарып тасталынған ДРК-2000)

5.552A 47.2-47.5 ГГц және 47.9-48.2 ГГц жолақтарын тіркелген қызметке бөлу үлкен биіктікте орналасқан платформаларда жұмыс істейтін станцияларға арналған. 47.2-47.5 ГГц және 47.9-48.2 ГГц жолақтары 122 қарарының ережелеріне сәйкес

- пайдаланылады. (қайта қарал. ДРК-07). (ДРК-07)
- 5.552 43.5-47 ГГц, 66-71 ГГц, 95-100 ГГц, 134-142 ГГц, 190-200 ГГц және 252-265 ГГц жолақтарында құрылықтағы жылжымалы қызмет станциялары жұмыс істей алады, егер олар осы жолақтар бөлінген (5.43 п. қара) ғарыш радиобайланыс қызметтеріне зиянды кедергілер тудырмайтын болса.
(Д Р К - 2 0 0 0) .
- 5.553 В полосах 43,5-47 ГГц и 66-71 ГГц могут работать станции сухопутной подвижной службы, при условии что они не будут причинять вредных помех службам космической радиосвязи, которым распределены эти полосы (см.п.5.43). (ВКР-2000).
- 5.554 43.5-47 ГГц, 66-71 ГГц, 95-100 ГГц, 134-142 ГГц, 190-200 ГГц және 252-265 ГГц жолақтарында тіркелген пункттерде орналасқан құрылықтағы станцияларды байланыстарын жерсеріктік жолдар жұмысы рұқсат етілген, егер бұл жолдар жылжымалы жерсеріктік қызмет немесе радионавигациялық жерсерікті қызметке біріге пайдаланатын болса. (ДРК-2000)
- 5.554А 47,5-47,9 ГГц, 48,2-48,54 ГГц және 49,44-50,2 ГГц жолақтарын тіркелген жерсеріктік (ғарыш-Жер) қызметпен қолдану геостационарлық жер серіктермен шектелген.
(Д Р К - 0 3)
- 5.555 Қосымша таратылу: 48,94-49,04 ГГц жолақтары, сондай-ақ, радиоастрономиялық қызметке бірінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-2000)
- 5.555А (Шығарып тасталынған, ДРК-03)
- 5.555В 48,94-49,04 ГГц жолағында, 48,2-48,54 ГГц және 49,44-50,2 ГГц тіркелген жерсеріктік қызметтің (ғарыш-Жер) жолағында геостационарлық ғарыш станциялары тудыратын қуат ағынының тығыздығы -151,8 дБ(Вт/м) шамасынан аспауы қажет, ені 500 кГц кез келген жолақта радиоастрономиялық станцияның орналасқан орынында.
(Д Р К - 0 3)
- 5.556 51,4-54,25 ГГц, 58,2-59 ГГц және 64-65 ГГц жолақтарда ұлттық жоспарларға сәйкес радиоастрономиялық байқаулар жүргізуге болады. (ДРК-2000)
- 5.556А 54.25-56.9 ГГц, 57.0-58.2 ГГц және 59.0-59.3 ГГц жолақтарын жерсеріктік аралық қызметке пайдалану геостационарлық орбитаға жер серіктерімен шектеледі. Жер бетінен 0 км-ден 1000 км-ге дейінгі биіктікке жер серік

аралық станцияның бар жағдайларда және барлық түрлі модуляцияда жеке сәулелену қуат ағынының тығыздығы барлық түсу бұрыштарында-147 дБ(Вт/м/100МГц)-тен аспауы тиіс.

(В К Р - 9 7)

5.556В Қосымша таратылу: Жапонияда 54,25-55,78 ГГц жолағы, сондай-ақ, аз тығыздықта қолдану үшін жылжымалы қызметке бірінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-97)

5.557 Қосымша таратылу: Жапонияда 55.78-58.2 ГГц жолағы, сондай-ақ, радиолокациялық қызметке бірінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-97)

5.557А 55,78-56,26 ГГц жолағында Жерсеріктік Жерді зерттеу (белсенді емес) қызмет станцияларын қорғау мақсатында, тіркелген қызмет станциясы таратқышының антеннаға кірер жолындағы ең үлкен қуат тығыздығы -26 дБ(Вт/МГц) шектеледі. (ДРК-2000)

5.558 Жер серік аралық қызметке зиянды кедергілер тудырмаған жағдайда (5.43 п. қара) 55,78-58,2. ГГц, 59-64 ГГц, 66-71 ГГц, 122,25-123 ГГц, 130-134 ГГц, 167-174,8 ГГц және 191,8-200 ГГц жолақтарында әуедегі жылжымалы қызмет станциялары жұмыс істеуіне болады. (ДРК-2000)

5.558А 56,9-57 ГГц жолағын жерсеріктік аралық қызмет жүйелерімен қолдану геостационарлық жерсеріктік орбитадағы жер серік арасындағы жолдармен және биік жерқасы орбитасындағы геостационарлық емес жер серіктерден төмендегі жерқасы орбитадағы жер серіктерге берілетін жолдармен шектеледі. Жер серік аралық жолдар үшін геостационарлық орбитадағы дара кедергілер қуат ағынының тығыздығы, барлық Жер үсті биіктіктерде 0 ден 1000 км-ге дейін барлық шарттарда және барлық модуляция методтарында және барлық түсу бұрыштарында -147 дБ(Вт/(м² • 100 МГц)) шамасынан аспауы қажет. (ДРК-97)

5.559 Жер серік аралық қызметке зиянды кедергілер тудырмаған жағдайда (5.43 п. қара) 59-64 ГГц және 126-134 ГГц жолақтарында радиолокациялық қызметтің әуе кемелеріндегі орналасқан радарлары жұмыс істеуіне болады. (ДРК-2000)

5.559А Шығарып тасталынған.

5.560 Ғарыш кемелерінде орналасқан Жерде зерттеу қызметтерінің жерсеріктік радарлары 78-79 ГГц жолағында бірінші реттік

негізде жұмыс істей алады.

- 5.561 74-76 ГГц жолағында тіркелген, жылжымалы және радиохабар қызметтері, жерсеріктік радиохабар қызметтерінде жиіліктер тағайындауды жоспарлаудың сәйкес конференциясының шешімі бойынша жұмыс істейтін жерсеріктік радиохабар қызметіне зиянды кедергілер тудырмауы тиіс. (ДРК-2000)
- 5.561А 81-81,5 ГГц жолағы, сондай-ақ әуесқойлық және әуесқойлық жерсеріктік қызметке екінші реттік негізде бөлінген. (ДРК - 2000)
- 5.561В Жапонияда 84-86 ГГц жолағын тіркелген жерсеріктік қызметпен (Жер-ғарыш) қолдану, геостационарлық жерсеріктік орбитада қолданылатын, жерсеріктік радиохабар тарату қызметінің фидер жолдарымен шектелген (ДРК-2000)
- 5.562 94-94.1 ГГц жолағын пайдалану жерсеріктік жерді зерттеу (белсенді) және ғарыш зерттеу (белсенді) қызметтерінде ғарыш кораблінің бортында орналасқан бұлт жамылғысын зерттеу радарларымен шектеледі. (ДРК-97)
- 5.562А 94-94,1 ГГц және 130-134 ГГц жолақтарында, радиоастрономиялық станцияның антеннасының негізгі сәулесіне бағытталған жерсеріктік Жерді зерттеу (белсенді) қызметінің ғарыш станциялары жіберген хабары, кейбір радиоастрономиялық қабылдағыштарды зақымдауы мүмкін. Мұндай таратқыштарды пайдаланатын Ғарыш агенттіктер және лайық радиоастрономиялық станциялар, мұндай жағдайларды болдырмай жұмыс атқару үшін, бір-бірімен келісе жоспарлаулары тиіс. (ДРК-2000)
- 5.562В 105-109,5 ГГц, 111,8-114,25 ГГц, 155,5-158,5 ГГц және 217-226 ГГц жолақтарын тек қана ғарыш орналасу радиоастрономиясымен шектелген. (ДРК-2000)
- 5.562С 116-122,25 ГГц жолағын жерсерікаралық қызметпен қолдану геостационарлық орбитадағы жер серіктермен шектелген. Жерсерікаралық қызмет станциялары, барлық шарттарда және барлық 0 ден 1000 км-ге дейінгі Жер үсті биіктіктердегі барлық модуляция методтарында және орбиталық геостационарлық қалыптасуға жақындағы орын алған белсенді емес датчиктердің тудыратын дара кедергілердің қуат ағынының тығыздығы, барлық түсу бұрышында $-148 \text{ дБ(Вт/м}^2)$

- * МГц)) шамасынан аспауы қажет. (ДРК-2000)
- 5.562D Қосымша таратылу: 128-130 ГГц, 171-171,6 ГГц, 172,2-172,8 ГГц және 173,3-174 ГГц жолақтары, сондай-ақ, Корея, Республикасында радиоастрономиялық қызметке бірінші реттік негізде бөлінген. (ДРК-2000)
- 5.562E Жерсеріктік Жерді зерттеу қызметіне бөліну 133,5-134 ГГц жолағымен шектеледі. (ДРК-2000)
- 5.562F 155,5-158,5 ГГц жолағында жерсеріктік Жерді зерттеу қызметіне (белсенді емес) және ғарыш зерттеу қызметіне (белсенді емес) бөлу 2018 жылдың 1 қаңтарында тоқтатылады. (ДРК-2000)
- 5.562G 155,5-158,5 ГГц жолағын тіркелген және жылжымалы қызметке бөлінудің мерзімі 2018 жылдың 1 қаңтары болып табылады. (ДРК-2000)
- 5.562H 174,8-182 ГГц және 185-190 ГГц жолағын жер серік аралық қызметтің қолдануы, геостационарлық орбитадағы жер серіктермен шектелген. Жерсерікаралық қызмет станциялары, барлық шарттарда және барлық 0 ден 1000 км-ге дейінгі Жер үсті биіктіктердегі барлық модуляция методтарында және орбиталық геостационарлық қалыптасуға жақындағы орын алған белсенді емес датчиктердің тудыратын дара кедергілердің қуат ағынының тығыздығы, барлық түсу бұрышында -144 дБ(Вт/(м² * МГц)) шамасынан аспауы қажет. (ДРК-2000)
- 5.563 (Шығарып тасталынған ДРК-03)
- 5.563A 200-209 ГГц, 235-238 ГГц, 250-252 ГГц және 265-275 ГГц жолақтарында жер үсті орналасу аппаратурасының, атмосфера құрамын бақылау мақсатында белсенді емес байқауы жүзеге асырылады. (ДРК-2000)
- 5.563B 237,9-238 ГГц жолағы, сондай-ақ, ғарыш кораблінің бортына орналасқан бұлттар қабығын зерттейтін радарлар үшін жерсеріктік Жерді зерттеу (белсенді) және ғарыш зерттеу қызметтеріне (белсенді) бөлінген. (ДРК-2000)
- 5.564 (Шығарып тасталынған ДРК-2000)
- 5.565 Әкімшіліктерге 275-400 ГГц жолағын белсенді және белсенді емес әртүрлі қызметтерді жобалауға және тәжірибелік жүргізуге пайдалануына болады. Бұл жолақта белсенді емес қызметтерде спектр жолдарының мынадай өлшеулерін жүргізудің қажеттіліктері пайда болды:

радиоастрономиялық қызметте: 275-323 ГГц, 327-371 ГГц, 388-424 ГГц, 426-442 ГГц, 453-510 ГГц, 623-711 ГГц, 795-909 ГГц және 926-945 ГГц; ғарыш зерттеу (белсенді емес) және жерсеріктік Жерді зерттеу (белсенді емес) қызметтері: 275-277 ГГц, 294-306 ГГц, 316-334 ГГц, 342-349 ГГц, 363-365 ГГц, 371-389 ГГц, 416-434 ГГц, 442-444 ГГц, 496-506 ГГц, 546-568 ГГц, 624-629 ГГц, 634-654 ГГц, 659-661 ГГц, 684-692 ГГц, 730-732 ГГц, 851-853 ГГц және 951-956 ГГц. Бұл аз зерттелген спектр аралығында болашақ ғылыми зерттеулер белсенді емес қызметтерге қажетті болатын қосымша спектр жолдары мен үздіксіз жолақтарды табуы мүмкін. Келесі саликалы дүниежүзілік конференция өткізілгенше, әкімшіліктер бұл белсенді емес қызметтерді зиянды кедергілерден қорғау үшін барлық мүмкіншілікті шараларды қолдануы қажет. ДРК-2000

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2000 жылғы 11 қыркүйектегі
N 1379 қаулысымен
бекітілген кестеге
2-қосымша

Радиобайланыс Регламент кестесіне 2-ескертпе

- К1 9-145 кГц радиожиіліктер жолағы сымды байланыс жолдарының жоғары жиілікті тығыздау аппаратурасында, осы аппаратураға радиоқызметтер тарапынан бөгеттерді болдырмауды қамтамасыз ететін шаралар қолданған жағдайда қолданылады.
- К2 24 - 1000 кГц жолағында жиіліктер тағайындағанда, бұл жолақтың жоғары вольттық электр тасымалдау жолдарындағы жоғары жиіліктік тығыздауда аз арналы телефон байланысының диспетчерлік аппаратурасында, жоғары вольттық қондырғыларының релелік қорғаныс сигналдарын беру және энергия жүйелерінің апатқа қарсы автоматикасында пайдаланатынын ескеру қажет.
- К3 65.(6) - 67.(6) кГц жолағы стандартты жиіліктер және уақыт сигналдарының қызметіне, сонымен қатар радиохабар станциялар желілерін синхронды басқару сигналдарына

тағайындалған.

К4 Шығарып тасталынған 2008ж.

К5 130 - 148.5 кГц және 495 - 505 кГц жолақтары әуедегі радионавигациялық қызметтің амортизациялық мерзімі біткенге дейін пайдаланылады.

К6 148.5 - 283.5 кГц және 526.5 - 1606.5 кГц әуедегі радионавигациялық қызметке радионавигациялық қызметтегі кедергілерді жою жағдайында және авиацияда ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Бұл жолақтар әуедегі радионавигациялық қызметте аппаратураның амортизациялық мерзімі біткенге дейін қолданылады.

К7 150 - 1750 кГц жолағын пайдалануда, бұл жолақта әуе қозғалысын басқаратын және әуедегі радионавигациялық қызметтің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жетекті радиостанциялар істейтінін ескеру керек.

К8 Радиохабар қызметіне жиіліктер тағайындау радиохабар станцияларына жиіліктер пайдаланудың келісілген жоспары бойынша орындалады.

К9 500 кГц, 2174,5 кГц, 2182 кГц, 2187,5 кГц, 4125 кГц, 4177,5 кГц, 4207,5 кГц, 6215 кГц, 6268 кГц, 6312 кГц, 8291 кГц, 8376,5 кГц, 8414,5 кГц, 12290 кГц, 12520 кГц, 12577 кГц, 16420 кГц, 16695 кГц, 16804,5 кГц, 121,5 МГц, 156,525 МГц, 156,8 МГц, сонымен қатар жиілік жолақтары: 406 - 406,1 МГц, 1544 - 1545 МГц және 1645,5 - 1646,5 МГц апатқа, тездік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайларына зиянды кедергілер тудыратын кез келген сәулеленулерге тыйым салынады.

К10 1606.5 - 1750 кГц жолағы әуедегі радионавигациялық қызметте аппаратураның амортизациялық мерзімі біткенге дейін қолданылады.

К11 1805 кГц жиілігі теңіздегі жылжымалы қызметінде метеорологиялық ескертулер мен жедел хабарлар жолдауға пайдаланылады.

К12 1830 - 1930 кГц жолағында әуесқойлық қызметте, телеграфия (А1А), 1840 - 1930 кГц жолағы - ОБП (R3E, J3E), ал 1900 - 1930 кГц жолағында - амплитудалық модуляцияда (A3E) сәулелену қуаты 10 Вт-тан аспайтын станциялар жұмыс істеуіне болады.

К13 2045 кГц, 4455 кГц, 4565 кГц, 5350 кГц, 5450 кГц, 5745 кГц, 5770 кГц, 5870 кГц, 5858 кГц, 7770 кГц, 8060 кГц, 8495 кГц,

9315 кГц, 9380 кГц, 9400 кГц, 10315 кГц, 10655 кГц, 13685 кГц, 16315 кГц, 19370 кГц жиіліктері теміржол транспортында және төтенше жағдайлар кезінде радиобайланыс ұйымдастыру

ү ш і н қ о л д а н ы л а д ы

К14 2130 кГц және 2150 кГц жиіліктері темір жол байланысы жүйелерінде телефондық тәртіпте пайдаланылады.

К15 Шығарып тасталынған 2008ж.

К16 2685 кГц теңіздегі жылжымалы қызметке апаттық және шақыру сигналдарын беруге пайдаланылады

К17 4063 - 4438 кГц, 4750 - 4850 кГц, 5005 - 5450 кГц, 7350 - 8815 кГц, 9040 - 9400 кГц, 9900 - 9995 кГц, 10150 - 11175 кГц, 12100 - 12230 кГц, 18168 - 18780 кГц жиілік жолақтарының кейбір бөлектері әуедегі қозғалысты басқару және азаматтық авиацияда ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бекітілген байланыс жабдықтарында пайдаланылады.

К18 4650 - 4700 кГц, 6200 - 6525 кГц, 9400 - 9500 кГц, 12230 - 13200 кГц, 14000 - 14250 кГц, 16360 - 17410 кГц, 21000 - 21450 кГц, 22000 - 22855 кГц, 25670 - 26100 кГц, 28 - 29.7 МГц жиілік жолақтарының кейбір бөлектері жұмыс атқарып жатқан үкіметтік міндеттерді орындайтын бекітілген байланыс жабдықтарының аппаратураларының амортизациялық мерзімдерінің аяғына дейін пайдаланылады.

К19 5950 - 6200 кГц, 7000 - 7300 кГц, 8195-8815 кГц, 9500 - 9900 кГц, 13600 - 13800 кГц, 15100 - 15600 кГц, 17550 - 17900 кГц, 19680 -19800 кГц, 21450 - 21850 кГц, 87.5 - 104 МГц және 8500 - 8750 МГц жолақтары бекітілген қызмет аппаратураларының амортизациялық мерзімдері біткенше п а й д а л а н ы л а д ы .

К20 Шығарып тасталынған 2008 ж.

К21 48.5 - 56.5 МГц, 58 - 66 МГц, 76 - 100 МГц, 174 - 230 МГц және 470 - 790 МГц жолақтары теледидарлық хабарларды таратуда пайдаланылады. Хабар станцияларына жиіліктер тағайындау белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

К22 Шығарып тасталынған 2008 ж.

К23 Шығарып тасталынған 2008 ж.

К24 Шығарып тасталынған 2008 ж.

К25 104 - 108 МГц, 144 - 146 МГц жолақтары әуедегі жылжымалы қызмет (OR) аппаратураларының амортизациялық мерзімдері біткенше п а й д а л а н ы л а д ы

К26 110 - 174 МГц және 230 - 1000 МГц жолақтарының кейбір бөлектері, ұжымдық теледидар, радиохабар және кабельдік теледидар қабылдау жүйелерінің кабельдік тарату желілерінде сыртқы бөгеуілден қорғаныс нормасын орындау кезінде және

Кестеге сәйкес жұмыс істейтін басқа да РЭҚ-ларға кедергілерді жоюға пайдалануы мүмкін. Аталған нормаларды қанағаттандыратын осындай желілерді пайдалану, осы аудандарға бөлінген эфирлік теледидар мен жиіліктік модуляцияланған ультракысқа толқындар (ЖМ УҚТ) таратуын қоспағанда, ол пайда болуы мүмкін кедергілер мен басқа РЭҚ жұмыстарын шектеуге шағым айтуға негіз бола алмайды.

К26 163,2-164,2125 МГц жиілік жолағы Қазақстан Республикасының әскери басқару орталық атқарушы органының шешіміне сәйкес

қ о л д а н ы л а д ы .

К27 137-138 МГц жолағындағы жиіліктегі әуедегі жылжымалы (OR) қызметі ғарыш қызметінің жер бетіндегі тұрақты қабылдау пункттеріне зиянды кедергілер тудырмауы тиіс.

К28 144-146 МГц жиілік жолақтары әуесқойлық қызметте, 5 Вт-тан аспайтын таратқыштарда екінші реттік негізде пайдалануы мүмкін. Кейбір жағдайларда, 100 Вт-тан асатын таратқыштарды пайдалану, станция орнына келісім алған жағдайда, белгіленген тәртіп бойынша рұқсат етіледі.

К29 Шығарып тасталынған 2008 ж.

К30 146 - 174 МГц, 390 - 470 МГц және 790 - 890 МГц жолақтарындағы жиілік бөліктерін пайдалану, осы Кесте бойынша үлестірілген азаматтық бағытқа арналған РЭЖ-тарға кейбір белгіленген шектеулермен атқарылады,

К31 150.05 - 156.7625 МГц, 156.8375 - 174 МГц, 470 - 862 МГц, 1400 - 1427 МГц, 2100 - 2700 МГц және 5925 - 7075 МГц жолақтарының кейбір бөліктері радиолокациялық қызметтің жұмыстағы жабдықтарымен амортизациялық мерзімдері біткенше

п а й д а л а н ы л а д ы

К32 150.0625 - 150.4875 МГц және 165.0625 - 165.4875 МГц жолақтары бір арналы тік көріністі радиорелелік станцияларының және құрлықтағы жылжымалы қызмет жабдықтарының сәулелену қуаты 2 Вт-қа дейінгі шамаларында

п а й д а л а н ы л а д ы .

К33 150-154 МГц жиілік жолағында ғарыштық объектілер және Жердің жасанды серігінен ақпарат қабылдайтын жер

станцияларына, бекітілген және құрлықтағы жылжымалы қызмет тарапынан жасалатын кедергілерді болдырмауға барлық мүмкіндіктер жасалуы қажет.

К34 150.5 - 151.7 МГц және 165.5 - 166.7 МГц жолақтары аз каналды тік көріністі радиорелелік станцияларының сәулелену қуаты 3 Вт-қа дейінгі шамаларында пайдаланылады.

К35 157.025 - 157.375 МГц, 161.5 - 161.65 МГц, 407 - 407.1 МГц және 417 - 417.1 МГц жолақтарындағы кейбір жиіліктер төтенше жағдайлардың пайда болуына байланысты біртұтас шұғыл радиобайланыс жүйелерін ұйымдастыру үшін пайдалануға б о л а д ы .

К36 174 - 230 МГц, 430 - 440 МГц, 1626.5 - 1636.5 МГц жолақтарындағы кейбір жиіліктер жылжымалы қызмет жабдықтарымен амортизациялық мерзімдері біткенше п а й д а л а н ы л а д ы .

К37 230 - 328.6 МГц және 335.4 - 390 МГц жолақтары негізінен әуедегі жылжымалы (OR) қызметіне пайдалануға арналған.

К38 300.2 МГц апат, қауіпсіздік және радиотелефонға елдің ішкі судағы жолдарының жиілігі болып табылады.

К39 Шығарып тасталынған 2008 ж.

К40 328.6 - 335.4 МГц жолағындағы жеке жиіліктер бекітілген және жылжымалы қызметтерінің аппаратураларының амортизациялық мерзімі біткенге дейін зиянды кедергілер әсерін болдырмаған жағдайда әуедегі радионавигациялық қызметте қолданылады. Бекітілген және жылжымалы қызметтердің жаңа қондырғыларын пайдалануға енгізу бұл жиіліктер жолағында атқарылмауы керек.

К41 Шығарып тасталынған 2008 ж.

К42 401 - 406 МГц, 470 - 790 МГц жолақтары бекітілген және жылжымалы қызметтерде аппаратураның амортизациялық мерзімі біткенге дейін қолданылады. Бекітілген және жылжымалы қызмет станциялары зиянды кедергілер тудырмауы және радиобайланыс Регламентіне сәйкес жұмыс істейтін қызметтерден қорғанысты талап етпеуі, сонымен қатар осы қызметтердің пайдалануы мен дамуына кедергі туғызбауы тиіс.

К43 726 - 960 МГц жолағы әуедегі радионавигациялық қызметтің әрекеттегі жабдықтарымен аппаратуралардың амортизациялық мерзімі біткенге дейін қолданылады. Әуедегі радионавигацияның жаңа жабдықтарын бұл жолақта енгізуге

р ұ қ с а т ж о қ .

К44 790 - 862 МГц жолағының кейбір бөлектері, әрекеттегі әуедегі радионавигацияның РЭЖ-тарына зиянды кедергілер тудырмайтын болса, құрылықтағы жылжымалы радиобайланыста п а й д а л а н ы л а д ы .

К45 Шығарып тасталынған 2008 ж.

К46 1030 МГц жолағы жердегі таратқыш жабдықтармен пайдаланылады, ал 1090 МГц жиілік әуедегі қозғалысты басқару жүйелерінің борттық таратқыш жабдықтарымен п а й д а л а н ы л а д ы .

К47 1215 - 1260 МГц және 1559 - 1610 МГц жолақтарын радионавигациялық жер серіктік қызметтің (Ғарыш-Жер) "ГЛОНАСС" және "НАВСТАР" (СРС) типті жүйелерінің қондырғыларына пайдалануына болады.

К 4 8 П а й д а л а н ы л м а й д ы .

К49 1545 - 1668.4 МГц жолағының кейбір бөлектері әрекеттен тік көріністі радиорелелік станцияларымен белгіленген шектеулермен пайдаланылады. Тік көріністі жаңа радиорелейлік станцияларды пайдалануға енгізу бұл жиіліктер жолағында атқарылмауы тиіс.

К50 Радиоастрономиялық қызметтің жиіліктер жолағын пайдаланудың шарттары нақты аймақтарда қосымша анықталады.

Радиоастрономиялық станцияларды орналастыру пункттері белгіленген тәртіпте келісіледі.

К51 Шығарып тасталынған 2008 ж.

К52 1645.5 - 1656.5 МГц және 1660 - 1660.5 МГц жолақтарында жұмыс істейтін жылжымалы жер серіктік қызметтің жердегі жылжымалы станциялары, К49 п. сәйкес жұмыс істейтін бекітілген қызметтің станцияларына зиянды кедергілер т у д ы р м а у ы т и і с .

К53 1770 - 1795 МГц жиіліктер жолағы, басқа қызметтер станцияларына кедергілер болдырмаған жағдайда, метеорологиялық температура-желдік барлау РЛС-ларында амортизациялық мерзімі біткенге дейін пайдаланылады. Жаңа метеорологиялық РЛС-ларды жобалау 1670 -1690 МГц жиілік жолақтарында атқарылуы керек.

К54 Ғарыштық пайдаланым қызметінің жердегі станцияларының орналасу аудандарында, осы станцияларға бекітілген және жылжымалы қызметтер жағынан болатын кедергілерді

- болдырмаудың ұйымдастыру шаралары қолдануы керек.
- К55 2100 - 2300 МГц және 2500 - 2700 МГц жиілік жолақтарының кейбір бөлектерін теледидар бағдарламаларын үлестіру жүйелерінде пайдалануға болады.
- К56 1980 - 2010 МГц, 2170 - 2200 МГц және 2483.5 - 2500 МГц жолақтарын жер серіктік жылжымалы қызметте пайдалану зиянды кедергілер тудырмауы тиіс сонымен қатар бекітілген және жылжымалы қызмет станцияларынан қорғанысты талап етпеуі тиіс, және осы қызметтердің 2005 жылдың 1 қаңтарына дейін кедергі жасамауы керек.
- К57 Байланыс операторларына бұлжытпайтын түрде 1 - 3 ГГц аралығында бекітілген қызметтің жаңа жүйелерін пайдалануға енгізбеу ұсынылады. 1700-2100 МГц жолағындағы бекітілген қызмет аппаратуралары амортизациялық мерзімдері біткенге дейін жұмыс жасайды.
- К58 10.7 - 11.7 ГГц және 14.4 - 14.47 ГГц жиілік жолақтарының кейбір бөлектері жер серіктік хабар қызметіне пайдаланылады.
- К59 1452-1492 МГц жиілік жолақтарының кейбір бөлектерін жерүсті цифрлық хабар тарату және цифрлық жерсеріктік хабар тарату мақсатында пайдаланудың мүмкіндіктері мен шарттары, ел аумағының белгіленген аудандарында қосымша жерүсті цифрлық хабар таратудың тәжірибелі пайдалану қорытындысын есепке ала отырып анықталады.
- К60 1730,2-1785 МГц және 1825,2-1880 МГц жолақтары GSM-R. үшін бөлінген.
- К61 3400-4200 МГц жиілік жолақтары сымсыз радиоену жүйелерімен бірге телерадиохабар тарату операторларының жерсеріктік қабылдағыш антенналарымен қолданылады.
- К62 2400-2483,5, 5150-5350, 5470-5725, 10152,25-10295,75, 10502,25-10645,75 МГц аралықтардағы жиілік жолақтары сымсыз радиоену және РРЛ жүйелерімен белгіленген тәртіп бойынша қолданылады.